

"Жолаушыларды және багажды автомобиль көлігімен тасымалдау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің міндетін атқарушының 2004 жылғы 10 наурыздағы N 113-І бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 539 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 5 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5467 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 6 тамыздағы № 496 бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011.08.06 № 496 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жолаушыларды және багажды автомобиль көлігімен тасымалдауды ұйымдастырудың одан әрі жетілдірілуін қамтамасыз ету мақсатында
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Жолаушыларды және багажды автомобиль көлігімен тасымалдау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің міндетін атқарушының 2004 жылғы 10 наурыздағы N 113-І бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2809 нөмірмен тіркелген, "Ресми газеттің" 2004 жылғы 5 маусымдағы N 23 (180) санында жарияланған, "Жолаушыларды және багажды автомобиль көлігімен тасымалдау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің м. а. 2004 жылғы 10 наурыздағы N 113-І бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2006 жылғы 5 желтоқсандағы N 319 , Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4524 нөмірмен тіркелген, "Заң газетінің" 2007 жылғы 16 ақпандағы N 25 (1228) санында жарияланған бұйрығымен енгізілген толықтырулармен және өзгерістермен бірге) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жолаушыларды және багажды автомобиль көлігімен тасымалдау ережесін де:
4-тармақ алынып тасталсын;
7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Маршрут – белгіленген бастапқы, аралық және соңғы аялдау пункттер арасындағы автобустың белгіленген жүретін жолы.";

8-тармақ алынып тасталсын;

11-тармақтағы "кесте" деген сөз "құжат (кесте)" деген сөзбен ауыстырылсын;

15-тармақтағы "тиісті мемлекеттік органдар бекіткен маршруттар" деген сөздер "қозғалыс кестесіне сәйкес белгіленген маршруттар" деген сөздермен ауыстырылсын;

17-тармақтағы "жеке бастамасы бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Тұрақты емес тасымалдар мыналарға бөлінеді:

1) заңды және жеке тұлғалардың бір жолғы тапсырысы (өтінімі) бойынша тасымалдау. Бұндай тасымалдарға мыналар жатады: туристік, экскурсиялық, іс-шараларға қызмет көрсету бойынша.

Көрсетілген бір жолғы тасымалдар белгіленген кезең мерзімінде шарт негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

2) жеңіл автомобильдермен, таксимен тасымалдау.";

20-тармақта:

бірінші абзацтағы "тұрақты" деген сөз алынып тасталсын;

2) тармақшадағы "300" деген цифр "150" деген цифрмен ауыстырылсын;

21-тармақтағы "300" деген цифр "150" деген цифрмен ауыстырылсын;

23-тармақта:

бірінші абзацтағы "Жолаушылардың және багаждың тұрақты автомобиль тасымалдары кезінде пайдаланылатын" деген сөздер алынып тасталсын;

2) тармақша алынып тасталсын;

5) тармақшадағы "автобустардың, шағын автобустардың салонындағы авариялық люктерді, есіктерді, терезелерді жедел ашу тәсілдері туралы ақпараттық тақтайшалармен" деген сөздер "авариялық люктерді жедел ашудың тиісті құрал-саймандарымен және оларға ақпараттық тақтайшалармен" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақша алынып тасталсын;

25-тармақтағы "екі рет" деген сөздер "бір рет" деген сөздермен ауыстырылсын;

26-тармақтағы "және домкратпен" деген сөздерден кейінгі "қосымша" деген сөз алынып тасталсын;

27-тармақтың төртінші абзацы алынып тасталсын;

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Автобустардың салонында жүргізуші кабинасының (орнының) жанында:

1) тасымалдаушының толық атауы;

2) тасымалдаушының, тасымалдауды ұйымдастырушының, байланыс телефондарының нөмірлері;

3) Жол полициясының және көліктік бақылаудың аумақтық органдарының байланыс телефондарының нөмірлері;

4) маршрут схемасының көшірмелері;

5) жол жүру құны туралы мәлімет.

Тұрақты маршруттар үшін (қалалық маршруттарды қоспағанда) сапар қашықтығына байланысты жол жүру мен багажды алып жүру құнының кестесі ұсынылуы тиіс;

6) ақы төлемей жол жүргені және/немесе багаж алып жүргені үшін айыппұлдың мөлшері;

7) жолаушылардың құқықтары мен міндеттері бар ақпараттық тақта қойылуы тиіс.

Жолаушылардың және багаждың қалалық тұрақты автомобиль тасымалдарында пайдаланылатын автобустар мен шағын автобустар желідегі жұмысты бақылау құрылғысымен автоматтандырылған басқару жүйесі (бұдан әрі - АБЖ) жұмыс істеген жағдайда дауыстап сөйлейтін құрылғымен жабдықталуы тиіс.

Жолаушылардың және багаждың тұрақсыз автомобиль тасымалдары үшін осы тармақтың 4), 5) және 6) тармақшаларының қолданысы тарамайды.;

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Қалааралық және халықаралық маршруттардағы автобустарда жол жүрудің бастапқы, соңғы және ірі аралық пункттері көрсетілген алдыңғы және бүйірлік (оң жағында) трафареттері мемлекеттік және орыс тілдерінде, ал қажет болған жағдайда басқа тілдерде болуы тиіс.;"

мынадай мазмұндағы 36-1-тармақпен толықтырылсын:

"36-1. Такси сырттай қалалардың жергілікті атқарушы органдары белгілеген бірыңғай түсті гаммамен ресімделеді.;"

40-тармақтың бірінші абзацы "тасымалдауды ұйымдастырушыларға" деген сөздермен толықтырылсын;

41 - тармақта:

бірінші абзацтағы "тұрақты тасымалдары" деген сөздер "тұрақты тасымалдардың жаңа маршруттары" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) осы Ереженің 45-тармағында көрсетілген шарт орындалады.;"

43-тармақтың бесінші абзацындағы "сақтау" деген сөз "есепке алу" деген сөздермен ауыстырылсын;

44-тармақ алынып тасталсын;

45 және 46-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

" 45. Қалыптастырылатын маршруттар желісі (қалалық маршруттардан басқа) мынадай шарттарға сәйкес келуі тиіс:

1) қолданылып жүрген маршруттардың ұсынылған маршруттармен қосарланған кезіндегі қозғалыс кестесі бойынша айырмашылығы уақыт бойынша :

150 км дейінгі қосарлану ұзақтығында 1 сағаттан артық;

350 км дейінгі қосарлану ұзақтығында 2 сағаттан артық;

500 км дейінгі қосарлану ұзақтығында 3 сағаттан артық;

500 км артық қосарлану ұзақтығында 4 сағаттан артық болуы тиіс;

2) жетпіс бес пайыздан артық қосарлану учаскесінде автобустардың орташа толу кезіндегі (жазғы және қысқы маусым бойынша жеке) уақыт бойынша айырмашылығы :

150 км дейінгі қосарлану ұзақтығында 15 минутқа дейін;

350 км дейінгі қосарлану ұзақтығында 30 минутқа дейін;

350 км артық қосарлану ұзақтығында 1 сағатқа дейін қысқартылады.

46. Жолаушыларды және багажды тұрақты тасымалдау маршруттарында (халықаралық қатынастардан басқа) барлық маршруттардың ұзақтығында жетпіс бес пайыздан артық автобустардың орташа жылдық толуы кезінде тасымалдауды ұйымдастырушы тасымалдаушылардың немесе жолаушылардың өтініші бойынша қосымша қозғалыс кестесін енгізу туралы шешім қабылдайды.

Қосымша қозғалыс кестесіне қызмет көрсету құқығы іс жүзінде маршрутқа қызмет көрсететін тасымалдаушыға беріледі.

Қосымша қозғалыс кестесіне қызмет көрсетуден тасымалдаушы бас тартқан жағдайда жергілікті атқарушы органдар аталған маршрутқа қызмет көрсету бойынша келісімнің қолдану мерзіміне, конкурстық негізде аталған қозғалыс кестесін бөледі. "

мынадай мазмұндағы 47-1-тармақпен толықтырылсын:

" 47-1. Жергілікті атқарушы органдар жаңа облысшілік, қалалық және қала маңындағы маршруттарды ашу кезінде тасымалдау көлемін зерттеу үшін осы маршрутта екі ай қызмет көрсететін тасымалдаушыны белгілейді.

Зерттеу нәтижесі бойынша осы Ережеде белгіленген мерзімдерде аталған маршрутқа қызмет көрсету құқығына тиісті конкурсты өткізу туралы шешім қабылданды. "

50-тармақтың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір автобуска арналған қозғалысты регламенттейтін қозғалыс графиктері қоса берілген (шығуы) жиынтық маршруттық қозғалыс кестесі (маршрутқа қызмет көрсететін барлық автобустар үшін маршруттың аялдау пункттері бойынша (аялдамалардың) өту уақытын регламенттейтін құжат (кесте)); "

мынадай мазмұндағы 50-1-тармақпен толықтырылсын:

"50-1. Облыстық немесе қалалық жергілікті атқарушы органдар жүргізетін тізілімдерге станциялық қозғалыс кестесі (нақты пункт арқылы өтетін (автовокзал, автостанция, бақылау пункті) барлық маршруттардағы автобустардың келу және жөнелту уақыты көрсетілетін құжат), сондай-ақ графикалық қозғалыс кестесі (барлық өтетін автобустар үшін маршрутта немесе жолдың жеке учаскесінде автобустар қозғалысын ұйымдастырудың көрнекті графикалық көрсетілімі) қоса беріледі.";

51-тармақтағы " Аялдама пункттері " деген сөздерден кейін ", соның ішінде рейстер арасындағы тұруды ескере отырып, соңғы аялдама пункттері ";

67-тармақтың 8) тармақшасындағы "мен кондукторлар" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

72 және 73-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"72. Жолаушылар легі тәулігіне 1000 адамнан артық автовокзалдарда ана мен балаға арналған бөлменің құрамына :

1) балалардың және оларды алып жүретін ересектердің демалуға арналған кереуеттері, балаларды құндақтауға арналған орны, киімдер мен заттарды сақтауға арналған шкафы бар бөлмесі;

2) тоңазытқышы мен электр шәйнегі бар тамақ дайындауға және қабылдауға арналған бөлмесі ;

3) қолжуғышы және жинау керек-жарағын сақтауға арналған орны, қолға арналған электр кептіргіші немесе бір реттік сүлгісі және бала киімін кептіруге арналған шкафы бар дәретхана бөлмесі кіреді.

73. Ана мен балаға арналған бөлмеге балалы жолаушылар мен жүкті әйелдер қысқа уақытқа да – тамақтандыру, қайта құндақтау, автобустың жөнелтілуін күту үшін қысқа демалыс үшін де, сондай-ақ ұйықтау үшін төсектерді пайдалана отырып қабылданады . " ;

мынадай мазмұндағы 76-1, 76-2 және 76-3-тармақтармен толықтырылсын:

" 76-1. Автовокзалдар мен автостанциялар осы Ережеге сәйкес аталған қызмет түріне рұқсат етілген жолаушыларды және багажды тасымалдаушылармен келісім шарт жасасады.

Шарт тасымалдаушылар автовокзалға, автостанцияға рұқсат құжаттарын ұсынған күннен бастап, 10 күн мерзімде жасалады.

76-2. Тасымалдаушыдан рұқсат құжаттарын қайтарып алу автовокзалдар мен автостанциялармен шартты бұзу үшін негіз болып табылады.

76-3. Автовокзалдар мен автостанциялар белгілі бір тұрақты маршруттарда аралығы жиырма минуттан аспайтын тасымалдар көлемі артқан жағдайда, аталған маршрутқа қызмет көрсететін тасымалдаушының қосымша автобустарының шығуын, тасымалдаушы бас тартқан жағдайда немесе сұрау салу жіберілгеннен кейін он минут мерзімде жауап болмаса, басқа

тасымалдаушылардың автобустарын іске қосу жолымен ұйымдастырады.

Тасымалдар көлемінің кезеңдік артуы жағдайында (маусымдық, кешкілік және басқалар) автовокзалдар мен автостанциялар тұрақты маршруттарды ұйымдастыру туралы облыстың жергілікті атқарушы органдарына ұсыныстар е н г і з е д і . " ;

2-тарау мынадай мазмұндағы § 1-1 параграфпен толықтырылсын:

" § 1-1. Кассалық пункттер

77-1. Автовокзалдары мен автостанциялары жоқ селолық елді мекендерде халықаралық, облысаралық, облысшілік және қала маңындағы қатынастарға жолаушыларды және багажды тұрақты маршруттарда тасымалдау бойынша жол жүруге жол жүру құжаттары (билеттер) мен багаж төлемқағазын сататын кассалық пункттерді ашуға рұқсат етіледі.

77-2. Кассалық пункттер автокөлік құралдары қауіпсіз аялдауға, жолаушыларды отырғызуға, түсіруге арналған алаңшалармен және жолаушыларды қолайсыз ауа райы жағдайынан қорғауға арналған павильонмен жабдықталған, белгіленген аялдама пункттерінің тікелей қасында орналасуы тиіс . " ;

78-тармақтағы "мен автостанциялардың " деген сөздер " , автостанциялар мен кассалық пункттердің " деген сөздермен ауыстырылсын;

79-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"79. Жол жүру құжаттарын (билеттерін) сату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

Автовокзалдар, автостанциялар мен кассалық пункттердің жолаушылардың тұрақты емес тасымалдарына билеттер сатуына рұқсат етілмейді.";

80-тармақтағы екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

Жол жүру құжаттарын (билеттерін) алдын ала сату, сондай-ақ жол жүру құжаттарын (билеттерін) үйге жеткізіп бергені үшін, телекоммуникация құралдарын пайдалану арқылы сату, автовокзалдар мен автостанциялар белгілеген мөлшерде қызмет көрсеткені үшін ақы алынады.

83 және 84-тармақтар алынып тасталсын;

86-тармақтағы "автовокзалдың (автостанцияның)" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

87-тармақ мынадай редакцияда жазылсын;

"87. Жолаушы алынған жол жүру құжатын (билетін) кассаға автобус жөнелтілгенге дейін қайтарған кезде, оған автовокзалдың, автостанцияның немесе кассалық пункттердің әкімшілігімен көзделген алымдар шегерілген төленген жол жүру құжаттың (билеттің) құны қайтарылады.";

89-тармақтағы "автовокзалдың (автостанцияның)" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

95-тармақтағы "қалааралық" деген сөзден кейін "облысшілік, қалааралық облысаралық" деген сөздермен толықтырылсын;

98-тармақтың екінші абзацындағы "(автостанция)" деген сөзден кейін "немесе кассалық пункт" деген сөздермен толықтырылсын;

105 - тармақтағы :

5) тармақшадағы "турникеттерімен" деген сөз алынып тасталсын;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) мүгедек жолаушылардың отырғызу мен түсіру орындарына баруына арналған пандустармен;" ;

125 - тармақтағы :

1), 2), 7), 8) және 12) тармақшалардағы "бақылау" деген сөз "қадағалау" деген сөзбен ауыстырылсын ;

9) тармақшадағы "сақтауын бақылау" деген сөздер "қадағалау" деген сөзбен ауыстырылсын ;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) жергілікті атқарушы органдарды жолаушылардың және багаждың тұрақты автомобиль тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушылардың қозғалыс кестелерін (графиктерін) бұзғаны және осы Ереженің қағидаларын басқа да бұзушылықтары туралы, сондай-ақ маршруттар бойынша қосымша рейстерді ұйымдастыру туралы хабардар ету болып табылады." ;

134-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"134. Жолаушылардың және багаждың қалааралық облысшілік, қалалық, қала маңындағы және елді мекендерді: кенттерді, ауылдарды (селоларды) аудан немесе облыс орталықтарымен, республикалық маңызы бар қалалармен (астанамен) жалғастыратын тұрақты автомобиль тасымалдарын Конкурста жеңген және оларға қызмет көрсету құқығына куәлік алған тасымалдаушылар, тасымалдаушылар мен жергілікті атқарушы органдардың арасында жасалған Жолаушылардың және багаждың тиісті тұрақты автомобиль тасымалдарын ұйымдастыру шарттарының негізінде жүзеге асырады." ;

136-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Қалааралық облысшілік маршруттар бойынша жекелеген жөнелтілімдерден (графиктерден), соның ішінде тепе-теңдік негізде лоттарды қалыптастыруға рұқсат етіледі." ;

144-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"144. Комиссияға :

1) жергілікті атқарушы органдардың;

2) көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдарының;

3) жол полициясының аумақтық органдарының;

4) жолаушы автокөлік тасымалдаушылары қоғамдық бірлестіктерінің

өкілдері

кіреді.

Комиссияның құрамына тұтынушылар құқығын қорғау қоғамдарының, кәсіподақ ұйымдарының өкілдері, жолаушы тасымалдарын ұйымдастыру саласындағы сарапшылар енгізілуі мүмкін.";

147-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) автокөлік құралдарын пайдалану мерзімдері мен сыртқы ресімделуі бойынша оларға қойылатын қосымша талаптар;"

148-тармақтағы 2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жолаушы тасымалдау саласындағы тасымалдаушының оң жұмыс тәжірибесінің (алдыңғы 6 ай мерзіміндегі 80 % артық тасымалдауды орындау жиілігі туралы жергілікті атқарушы органдардың қорытындысы);"

151-тармақтағы "жұмыс" деген сөз "күнтізбелік" деген сөзбен ауыстырылсын;

156-тармақтағы "бес" деген сөз "он" деген сөзбен ауыстырылсын;

157 - тармақтағы :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) тасымалдауға ұсынылған барлық жылжымалы құрамға техникалық паспорттардың және мемлекеттік техникалық тексеруден өткені туралы күші бар куәліктің көшірмесін;"

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) автокөлік құралдарын ауысым алдындағы (рейс алдындағы) техникалық тексеруді және жүргізушілерді ауысым алдындағы (рейс алдындағы) медициналық тексеруді жүргізу мүмкіндігін растайтын құжаттардың көшірмесін (еңбек шартының, қызмет көрсету шартының және т.б. көшірмесін);"

162-1 тармақтағы "Конкурсты өткізу туралы тиісті хабарландыруда" деген сөздер алынып тасталсын;

163-тармақтағы "мүшелері" деген сөз "хатшысы" деген сөзбен ауыстырылсын ;

165-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"165. Егер өткізілген Конкурстың қорытындылары бойынша қандай да бір лот бойынша бір ғана қатысушы болғаны анықталса, онда оның конкурстық ұсыныстары Конкурстың міндетті талаптарына сәйкес болған жағдайда, осы қатысушы жеңімпаз деп танылады.

Егер жалғыз қатысушының конкурстық ұсыныстары Конкурстың міндетті талаптарына сәйкес болмаса, Конкурс өтпеген деп танылады.";

166-тармақтағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "Конкурс өтпеген деп танылады және Конкурсты ұйымдастырушы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

168-тармақтағы "30" деген сан "10" деген санмен ауыстырылсын;

170-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Жекелеген лоттар бойынша Конкурс нәтижелерін сот жарамсыз деп таныған жағдайда, сондай-ақ Конкурс өтпеген деп танылған жағдайда, қайталама Конкурс алдыңғы Конкурстың нәтижелерін жою туралы сот шешімі қабылданғаннан немесе оны өтпеген деп танығаннан кейін 30 күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

Бұл ретте алдыңғы Конкурстың қатысушыларына конкурстық құжаттама тегін беріледі. ";

171-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 171. Хаттаманың негізінде жергілікті атқарушы органдар 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей Конкурстың жеңімпазымен жолаушылардың және багаждың қалааралық облысшілік, қалалық, қала маңындағы және елді мекендерді: кенттерді, ауылдарды (селоларды) аудан немесе облыс орталықтарымен, республикалық маңызы бар қалалармен (астанамен) жалғастыратын тұрақты автомобиль тасымалдарын ұйымдастыру шартын (бұдан әрі - Шарт) жасасады. Шарт кемінде үш жыл мерзімге жасалады (қол данылып жүрген маршруттар бойынша қосымша қозғалыс кестелеріне қызмет көрсету құқығы жөніндегі шарттарды қоспағанда). ";

174-тармақтағы " Конкурстық ұсыныстарда Конкурс жеңімпазы ұсынған маршрутта пайдалануға арналған автобустарды (шағын автобустарды) көрсете отырып, оның ішінде резервтік жылжымалы құрам көрсетілген " деген сөздер алынып тасталсын ;

мынадай мазмұндағы 174-1 тармақпен толықтырылсын:

"174-1. Куәлік тиісті маршруттар бойынша жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыруға жіберілген автобустар туралы мәліметтер көрсетілген қосымшамен беріледі .

Куәліктің қосымшасына өзгерістер енгізуге тасымалдаушы негізделген өтініш бергенде және маршруттағы тасымал сапасын төмендетпеу шартымен жол беріледі . " ;

176-тармақ " алады да, " деген сөздерден кейін "30 күнтізбелік күннен кешіктірмей" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 177-1, 177-2 және 177-3-тармақтармен толықтырылсын:

"177-1. Шартты мерзімнен бұрын бұзған жағдайда конкурстардың ұйымдастырушысы осы Ережеде белгіленген мерзімдерде және шарттар бойынша жаңа конкурс өткізгенге дейін маршруттарға үздіксіз қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін, 80 % артық тасымалдауды орындау жиілігі басқа маршруттарда тасымалдау тәжірибесі оң болған басқа тасымалдаушыны белгілеуге құқылы .

177-2. Тасымалдаушының шарттың елеулі талаптарын бұзғаны себебінен конкурстың ұйымдастырушысы шартты мерзімнен бұрын бұзған жағдайда, тасымалдаушы шартты бұзған күнінен бастап алты ай бойы конкурстарға қатысуға жіберілмейді.

Шарттың елеулі талаптарын бұзғаны деп: төмен жиілік (айына жетпіс пайыздан аз); тасымалдаушының (тасымалдаушы жүргізушісінің) кінәсінен адам өліміне соқтырған жол-көлік оқиғаларының болуы; шарттың талаптарына сәйкес келмейтін автобустарды маршрутта бірнеше рет пайдалану болып табылады.

177-3. Тасымалдаушының шарттың елеулі жағдайларын орындамауы себебінен конкурстың ұйымдастырушысы шартты мерзімнен бұрын бұзғанда, немесе конкурс өткізгенде бір пакетке қосылған маршруттардың біреуіне қызмет көрсетуден тасымалдаушы бас тартқанда, тасымалдаушы осы пакеттегі барлық маршруттарға қызмет көрсету құқығын жоғалтады."

179 -тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Бұл ретте елді мекендер арасындағы қала маңындағы қатынастарда келе жатқан жолаушыларды қала шегінде отырғызуға және түсіруге жол беріледі. Қала маңындағы автомобиль тасымалдарында жолаушылар мен багажды отырғызуға және түсіруге арналған аялдамаларды қаланың жергілікті атқарушы органдарының келісуі бойынша облыстың жергілікті атқарушы органдары белгілейді."

180-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"180. Жолаушылардың және багаждың қалалық және қала маңындағы тұрақты автомобиль тасымалдарының маршрут желісі, маршруттардың қосарлануы, сондай-ақ бір маршруттың екіншісіне ең аз қабаттасуын қамтамасыз ететіндей етіп құрылуы тиіс."

188-тармақтың 1) тармақшасы алынып тасталсын;

198-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 198. Жолаушылардың және багаждың тұрақты қалалық автомобиль тасымалдарының маршруттарында жол жүру, багаж алып жүру төлемі жолаушы қолма-қол ақшамен кондукторға (жүргізушіге) беру немесе жүру үшін электрондық төлеу жүйесі арқылы жасалады. "

199-тармақтың бірінші абзацы "қалалық қатынастағы" деген сөздерден кейін "қолма-қол ақшаға" деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы 199-1-тармақпен толықтырылсын:

"199-1. Электрондық байланыссыз картасы арқылы жүру төлемін жасау фактісі тиісті сәйкестендіру нөмірінің электрондық байланыссыз картаның электрондық шотында белгіленеді. Электрондық байланыссыз карталарын

пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын ескере отырып, қолданылатын жүйелердің технологиясымен регламенттеледі. ";

205-209-тармақтардағы "к өп реттік жол жүру билеттерін", "к өп реттік жол жүру билеттері", "к өп реттік жол жүру билеттерінің", "к өп реттік жол жүру билеті" деген сөздер тиісінше "ұзақ пайдаланудағы жол жүру билеттерін", "ұзақ пайдаланудағы жол жүру билеттері", "ұзақ пайдаланудағы жол жүру билеттерінің", "ұзақ пайдаланудағы жол жүру билетін" деген сөздермен ауыстырылсын;

211-тармақтың 2) тармақшасындағы "басып өтуінің" деген сөздер "қамтудың" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 211-1-тармақпен толықтырылсын:

"211-1. Маршрут бойынша 400 километрден астам тоқтаусыз жүрген жағдайда тасымалдаушы жолаушылардың демалуы және қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін кемінде он минут технологиялық аялдаулар көздеу тиіс. Технологиялық аялдауларда қосымша жолаушыларды отырғызуға тыйым салынады." ;

213-тармақтағы "икемді байланыстың сенімді құралдарымен" деген сөздер "сенімді ұялы байланыспен" деген сөздермен ауыстырылсын;

224-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Жолаушыларға автобустың багаж бөлімшесінде отырғызу орнынан жеткізу орнына дейін оны алып жүрудің белгіленген құнына сәйкес әрбір багаж орнын алып жүру ақысын төлеп багажды алып жүруге рұқсат етіледі.

Жолаушы қол жүгін автобустың багаж бөлімшесінде алып жүре алады.";

246-тармақ алынып тасталсын;

249-тармақ "өтетін облыстың" деген сөздерден кейін "(астананың және республикалық маңызы бар қаланың)" деген сөздермен толықтырылсын;

250-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Қозғалыс кестелерін келісу тәртібі осы Ереженің 45-47 тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады" ;

252-тармақтағы "қайшы келетін" деген сөздер "өзара айырмашылығы бар" деген сөздермен толықтырылсын;

254-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"254. Жолаушылардың және багаждың тұрақты қалааралық облысаралық автомобиль тасымалдары Министрлік берген Жолаушылардың және багаждың тұрақты автомобиль тасымалдарының маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған куәлік (бұдан әрі - Облысаралық маршруттарға арналған куәлік) (10-қосымша) негізінде жүзеге асырылады." ;

мынадай мазмұндағы 256-1 және 256-2-тармақтармен толықтырылсын:

"256-1. Жолаушылардың және багаждың қалааралық облысаралық

автомобиль тасымалдарын ұйымдастыру үшін Министрлік тиісті облыстардың жергілікті атқарушы органдарына маршруттардың негізгі сипаттамалары жөнінде мынадай ақпараты қоса бере отырып, тасымалдаушыларды анықтау бойынша тапсырма береді:

жол жүрудің бастапқы және соңғы пункті бойынша маршруттың нөмірі және атауы;

тепе-тең қызмет көрсету тәртібін көрсете отырып, маршрутқа қызмет көрсету кезеңі;

маршруттағы аралық пункттердің саны мен атауын және тура және кері қайту бағыттарындағы қозғалыстың орташа пайдаланым жылдамдығын көрсете отырып, маршрут бойынша қозғалыс кестесі;

жолаушылар отыруға арналған орындар бойынша паспорттық сыйымдылығын көрсете отырып маршрутқа қызмет көрсетуге қажетті автобустар сыныбы, сондай-ақ резервтік жылжымалы құрамды ескере отырып, қажетті автобустар саны.

256-2. Тиісті қалааралық облысаралық маршруттарға тасымалдаушыны анықтау бойынша тапсырманы алғаннан кейін жергілікті атқарушы органдар 15 жұмыс күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдары арқылы осы маршруттардың негізгі сипаттамаларын көрсете отырып, мүдделі тасымалдаушылардан өтінімдер жинау туралы жариялайды.

257-тармақ алынып тасталсын;

258-тармақта:

бірінші абзацтағы " тасымалдаушы Министрлікке " деген сөздер "осы облыстың мүдделі тасымалдаушылары жергілікті атқарушы органдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) әрбір бірлікке арналған техникалық тексеруден өткені туралы техникалық паспорттардың және күші бар мемлекеттік куәліктердің көшірмелері қоса берілген, маршрутта пайдалануға көзделетін жылжымалы құрам туралы (автобустардың саны және үлгісі (сыныбы) мәліметтерді;"

б) тармақшадағы "автокөлік құралдарын жөндеу, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтердің сәйкестік сертификаттарының көшірмелерін қоса берумен, " деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 258-1, 258-2 және 258-3-тармақтармен толықтырылсын:

"258-1. Жергілікті атқарушы органдар жол полициясының аумақтық органдарымен, көліктік бақылаумен және жолаушылар автомобиль көлігінің қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп комиссия құрып 5 күн мерзімнен аспайтын

мерзімде өтінімдерді қарауды ұйымдастырады.

Өтінімдерді қарау мынадай өлшемдерге негізделуі тиіс:

1) өтінімде ұсынылған автобустардың сыныбы және саны бойынша маршрутқа қызмет көрсету үшін талап етілетін нормаларға сәйкес болуы;

2) өтінімде ұсынылған автобустардың 50 % жеке меншікте немесе лизингке с а т ы п а л ы н ғ а н б о л у ы ;

3) өтінімде ұсынылған автобустар бойынша қызмет көрсету мерзімін б а р ы н ш а а з а й т у ;

4) тасымалдаушының халықаралық маршруттарда жұмыс істеудің оң т ә ж і р и б е с і ;

5) тиісті өндірістік-техникалық базаның болуы және одан маршруттың облыста басталу орнына дейін нөлдік жүрісін барынша азайту.

Өтінімдерді қарау кезінде маршруттарды тасымалдаушылар арасында жекелеген қозғалыс кестелеріне бөлмей маршрутқа облыстан бір тасымалдаушыны анықтау ұсынылады.

258-2. Ең жақсы өтінімді анықтағаннан кейін жергілікті атқарушы органдар 5 жұмыс күнінен кешіктірмей олар анықтаған тасымалдаушының өтінімін М и н и с т р л і к к е ұ с ы н а д ы .

258-3. Егер тепе-тең тараптардың біреуінен жекелеген қалааралық облысаралық маршруттарға қызмет көрсету құқығына өтінім түспесе Министрлік екінші тепе-тең тасымалдаушыға барлық маршрутқа қызмет көрсету құқығын б е р е д і . " ;

259-тармақтағы " барлық тасымалдаушылар арасындағы бірлескен қызмет туралы шарттың көшірмесі қосымша ұсынылады " деген сөздер "жергілікті атқарушы органдар белгілеген тасымалдаушылар барлық тасымалдаушылар арасындағы бірлескен қызмет туралы шарт жасасады " деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

260-тармақтағы " Тасымалдаушы ұсынған құжаттарды қарау оң нәтижелер берген жағдайда, тасымалдаушыға " деген сөздер "Жергілікті атқарушы органдар белгілеген тасымалдаушыларға Министрлік 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

263-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"263. Өтінімдер қабылданбаған жағдайда, жергілікті атқарушы органдар тасымалдаушы ұсынған құжаттарды қарау аяқталған күннен бастап 5 жұмыс күн ішінде, тасымалдаушыны бұл туралы бас тарту себептерін көрсете отырып, ж а з б а ш а х а б а р д а р е т е д і . " ;

2 6 4 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы " рұқсат құжаттарын беруден " деген сөздер "өтінімін қараудан" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4) және 5) тармақшалар алынып тасталсын;
б) тармақшадағы " автокөлік құралдарын техникалық пайдалану ережелерінің талаптарына сәйкес " деген сөздер алынып тасталсын;

7) тармақша мынадай редакция жазылсын:

"7) соңғы алты ай ішінде тасымалдаушы осы Ереженің 177-2-тармағында көрсетілген шарттың елеулі талаптарын орындамау себебінен мерзімнен бұрын шарттарды бұзу оқиғалары болса бас т а р т а д ы . " ;

270 - т а р м а қ т а :

3) және 6) тармақшалар алынып тасталсын;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) жылжымалы құрамды техникалық жарамды күйде күтіп ұстау, алдын алу медициналық тексеруді жүзеге асыратын лицензиясы бар медицина қызметкерлермен шарттарының көшірмесін орындау бойынша жұмыстардың қажетті кешенін жүргізу мүмкіндігін растайтын құжаттардың көшірмелерін; ";

он үшінші абзацтағы " 7)-10) " деген цифрлар " 8)-11) " деген цифрлармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

279-тармақтың 3) тармақшасы алынып тасталсын;

9-тараудың атауы "бір жолғы және тапсырыс сипатындағы" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 295-1 және 295-2-тармақтармен толықтырылсын:

"295-1. Туристік және экскурсиялық ұйымдардың өтінімдері бойынша тапсырыспен тасымалдауды жүзеге асырған кезде тасымалдаушы жол парағын (13 - қ о с ы м ш а) т о л т ы р а д ы .

295-2. Тәрбиелеу және білім беру мекемелерінің өтінімдері бойынша балаларды тапсырыс бойынша тасымалдауды жүзеге асыру тәртібі осы Ереженің 11-тарауында көзделген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.";

297-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"297. Жолаушыларды және багажды таксимен тасымалдау осы Ереженің 36-38-тармақтарының талаптарына сәйкес жабдықталған жеңіл автомобильдермен, тасымалдаушы мен елді мекендердің жергілікті атқарушы органдарының арасындағы жасасқан жолаушыларды және багажды таксимен тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарттың негізінде жүзеге асырылады.";

298-тармақ " санының " деген сөзден кейін "ұсынылатын" деген сөзбен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

298-1 және 298-2-тармақтар алынып тасталсын;

298-3-тармақтың бірінші абзацы "төрт" деген сөзден кейін "бүйірлік" деген с ө з б е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

11 және 12-тараулар мынадай редакцияда жазылсын:

" 11-тарау. Ұйымдастырылған балалар топтарын тасымалдау

\$ 1. Жалпы ережелер

319. Осы тараудың ережелері оқу, демалу, туристік-экскурсиялық іс-шаралар, спорттық, мәдени-ағартушылық және басқа да іс-шаралар орындарына балаларды жеткізу үшін (бұдан әрі – балаларды тасымалдау) бөлінген автобустармен үлкендерсіз (осы Ереженің талаптарына сәйкес тағайындалған еріп жүретін тұлғалардан басқасы) сегіз және одан артық балалардың топтарын арнайы тасымалдауды ұйымдастыру мен жүзеге асыруды регламенттейді.

320. Балаларды жаппай тасымалдау көлік лектеріндегі қозғалыспен ұйымдастырылған екі және одан артық автобустардың топтарымен жүзеге асырылатын балаларды тасымалдау болып танылады.

321. Балаларды тасымалдау осы Ереженің талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен және әрбір балаға отыратын жеке орын беріле отырып жүзеге асырылады.

322. Балаларды тасымалдау бойынша қызмет көрсетуге тапсырыс беруші (бұдан әрі – тапсырыс беруші) балаларды арнайы тасымалдауды ұйымдастыруға жауапты заңды немесе жеке тұлғалар болуы мүмкін.

323. Тапсырыс беруші сондай-ақ оларға ұқсас қызмет көрсету мүмкіндігі ұсынылған жағдайда тасымалдаушының функцияларын дербес орындауы мүмкін

Бұл жағдайда тапсырыс беруші осы Ереженің тасымалдаушыларға қатысты талаптарын орындайды.

324. Балалардың ұйымдастырылған топтарын тасымалдауды қамтамасыз ететін тасымалдаушы "Жүргізушілердің еңбегі мен демалысын ұйымдастыру ережесін, автокөлік құралдарын еңбек және демалыс режимін тіркеудің бақылау құрылғыларымен (тахографтармен) жарақтандыру бойынша талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 16-І бұйрығымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2708 нөмірмен тіркелінген талаптарына сәйкес, сондай-ақ мынадай жағдайларды ескере отырып:

маршруттар бойынша ұзақтығы 12 сағатқа дейін бір жүргізушімен, 12 сағаттан жоғары екі жүргізушімен;

маршруттар бойынша ұзақтығы 16 сағаттан артық жүргізушілердің және жолаушылардың кем дегенде 8 сағат толыққанды демалу үшін (қонақ үйлерде, кемпингілерде және т.б.) жағдайларды қамтамасыз етуді ескере отырып, жүргізушілердің жұмысын ұйымдастырады.

325. Автомобиль көлігімен балаларды тасымалдау (экскурсиялық және

туристіктен басқа) жолда 4 сағаттан артық болған кезінде және басқа көлік түрімен балаларды жеткізуді ұйымдастыру мүмкін болмаған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

326. Тапсырыс берушінің талабы бойынша қала маңындағы аймаққа немесе қалааралық қатынаста балалардың бір жолғы тасымалдауын жүзеге асыратын тасымалдаушы техникалық жай-күйін кезектен тыс тексеру үшін жол полициясы бөлімшелеріне автобусты жол жүру қарсаңында көрсетеді.

327. Мектепке дейінгі жастағы балаларды жолда 4 сағаттан артық болған кезінде автомобиль көлігімен тасымалдау ұсынылмайды.

328. Балаларды жаппай тасымалдауды және балаларды алыс қашықтықтарға тасымалдауды тасымалдаушы, балаларды оқытушылар немесе арнайы тағайындалған ересек адамдар (ең көбі 15 балаға бір ересек адам) алып барған жағдайда ғана орындауы мүмкін.

329. Балалардың ұйымдастырылған топтарын тасымалдауларына жеті жастан кіші емес балалар рұқсат етіледі.

Жеті жасқа толмаған балалар білім беру мекемесі жұмысшыларының, сондай-ақ ата-анасымен және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды ауыстыратын тұлғалармен жеке алып жүруі кезінде ғана жол жүруге рұқсат етілуі мүмкін.

330. Балаларды жаппай тасымалдау кезінде тасымалдаушы Жол полициясы органдарын, маршруттағы қозғалысты қадағалауды күшейту және екі және одан артық автобустардың лектеріне жол полициясының арнайы автокөлік құралдарының еріп жүруі туралы мәселені шешу бойынша шаралар қабылдау үшін хабардар етеді.

331. Автобустарда жол жүруге мынадай балаларға және ересек еріп жүрушілерге рұқсат етілмейді:

- 1) қауіпсіздік шараларын бұзуға әкеп соғатын, толқыған жай-күйінде;
- 2) алкоголь, есірткі, психотропты және улағыш заттардың әсері болғанда.

§ 2. Балалардың тасымалдауына тапсырыс берушінің әрекеті

332. Автобустармен балаларды тасымалдауды балаларды тасымалдау бойынша қызмет көрсетуге тапсырыс берушінің жазбаша өтінімдері негізінде тасымалдаушылар жүзеге асырады.

333. Өтінімде балаларды тасымалдау күні (күндері), уақыты, олардың саны мен жасы, жол жүру маршруты (бастапқы, соңғы және аралық пункттері), отырғызу және түсіру орындары, тегі, аты, әкесінің аты және балалардың тасымалдауын ұйымдастыруға жауаптының лауазымы және әрбір автобус бойынша еріп жүретін ересек көрсетіледі.

Тапсырыс беруші меншікті көлігін тапсырылған автобустарға қосымша бөлу жағдайында тасымалдауға арналған көлік бірлігінің бөлінетін саны көрсетіледі.

Өтінімге тапсырыс беруші ұйымның бастығы немесе оның орынбасары қол қ о я д ы .

334. Тапсырыс беруші тасымалдауды орындау алдында бұйрықпен балалардың тасымалдарын ұйымдастыру туралы шешімді ресімдейді, онда лауазымды тұлғалардың, топтар бастықтарының, бірге еріп жүрушілердің міндеттері, маршруты, мезгілдері, дайындау және жол жүруді өткізу тәртібі, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар регламенттелінеді .

335. Балаларды жаппай тасымалдауды жүзеге асыруға арналған өтінімдер тасымалдаудың басталуына дейін 3 тәуліктен кешіктірілмей беріледі.

336. Балаларды жаппай тасымалдауды орындау алдында тапсырыс беруші 3 тәуліктен кешіктірмей тасымалдаудың бастапқы белгіленген мерзіміне дейін жол полициясының аумақтық бөлімшелеріне жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және мынадай көрсеткіштерді көрсете отырып, жол полициясының арнайы автомобильдерімен автобустардың еріп жүруі туралы мәселелерді шешу үшін р е с м и ө т і н і м ұ с ы н а д ы :

1) даталар және қозғалыс маршруты;

2) санитарлық заңнаманың талаптарына сәйкес жабдықталған маршруттың бақылау пункттерінен өту уақытын, аялдама және демалу орындарын анықтау енгізілетін жүргізушілердің еңбек және демалыс режимінің талаптарына жауап беретін қ о з ғ а л ы с к е с т е с і ;

3) медициналық көмек көрсету, ауруханалар және басқа пункттердің көрсетілуімен қ о з ғ а л ы с ж о л ы н ы ң с ы з б а с ы ;

4) белгіленген жағдайда медициналық еріп жүруді растау;

5) автобустың (автобустардың) маркалары және мемлекеттік нөмірлері, білім беру аумақтық органдарымен бекітілген балалардың және оларға еріп жүретін тұлғалардың тізімін қоса бере отырып, балалардың тасымалдарын орындайтын жүргізушілердің а т ы - ж ө н д е р і .

337. Балаларды жаппай тасымалдауды орындау алдында қосымша тапсырыс б е р у ш і :

1) автомобиль көлігімен балаларды тасымалдау кезінде қауіпсіздік шаралары, ауырған және зақымданған кезде алғашқы дәрігерлік көмек көрсету әдістері бойынша арнайы нұсқаулықпен – топтардың және еріп жүрушілердің жетекшілерін дайындауды ұйымдастырады;

2) мүмкіндік бойынша топтардың және еріп жүрушілердің жетекшілерін ұялы телефонмен қамтамасыз ету шараларын қабылдайды, тапсырыс берушінің әкімшілік өкілдерімен байланыс, жол жүру және жол жүруде туындаған ойда

болмаған мәселелерді келісу барысы туралы баяндамалар мерзімдерінің тәртібін
б е л г і л е й д і ;

3) топтардың және еріп жүрушілердің жетекшілерін маршрут жүретін аудандардың "жедел көмек көрсету", құтқару қызметтерінің, жол полициялары және полиция бөлімдерінің телефон нөмірлерімен қамтамасыз етеді және балаларға және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін көмек көрсету қажет болған жағдайда оларға жүгіну тәртібін анықтау;

4) балаларды қоса алғанда, барлық жол жүру қатысушыларының ұялы телефондарының нөмірлері тізімін құрайды және осы тізіммен барлық ересек еріп жүрушілерді қамтамасыз етеді;

5) жол жүруге тілек білдіруші балалардың іріктеуін және олардың ата-аналарынан жазбаша түрде келісімін алуын қамтамасыз етеді;

6) жол жүруге жіберілгендер санынан денсаулық жағдайы бойынша жақпайтын балаларды табу және алып тастау бойынша балалардың медициналық тексеруін ұйымдастырады ;

7) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 қарашадағы N 1650 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы жол қозғалысы ережесінің "4. Жаяу жүргіншілердің міндеттері" және "5. Жолаушылардың міндеттері" деген тарауларын, сондай-ақ қауіпсіздік және автокөлікпен жол жүру кезіндегі ереженің шараларын балаларға оқытуды қамтамасыз ету;

8) жол жүруге дайындық кезінде балалар және олардың ата-аналары тиісті климаттық және жол киімі жағдайларына, аяқ киіміне, жеке гигиена құралдарына назар аударады ;

9) балалардың тобына созылмалы ауруы бар балалар енгізілген жағдайда ескеріп, жол жүру уақытында дәрігер белгілеген қажетті дәрілердің, дәрілік құралдардың және тану материалдарының қажетті жиынтығымен дәрі қобдишасының әрбір автобуста бар болуын қамтамасыз етеді;

10) мүдделі тұлғалардың қатысуымен жол жүрудің ұзақтығы үш сағаттан артық кезінде балаларды сынбайтын ыдыстармен және тамақ өнімдерінің жиынтығымен (жолда тамақтық сапаларын кепілді сақтайтын, тамақтық улануды болдырмайтын құрғақ жарналармен) қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

11) ұзақтығы бір күннен артық жол жүру кезінде қоғамдық тамақтану мекемелерінде (асханаларда, кафелерде) ыстық тамақты күн сайын үш мезгіл қабылдауды, сондай-ақ мамандандырылған мекемелерде (қонақ үйлерде, кемпингілерде және т.б.) қонуды қамтамасыз етеді;

12) қалааралық тасымалдар кезінде маршруттан ауытқуын болдырмайтын және қозғалыс басы 6.00-ден ерте емес және соңғысы немесе қону аялдамасы 22.00-ден кешіктірмей көздейтін тасымалдаушымен бірлесіп тасымалдау кестесін жасайды ;

13) маршрутты немесе қозғалыс графигін өзгерту мүмкіндігін, ал қажет болған жағдайда және метеорологиялық және жолдардың жағдайлары нашарлаған кезде, балалардың тасымалдарын алып тастау үшін егер бұл жағдайлар тасымалдау қауіпсіздігіне қатер туғызатын болса маршрутты қысқартуды көздейді (көз көрерлік, тұман, қар басу, жаңбыр, тайғақ, сондай-ақ дауыл және басқа апат жағдайлары кезінде);

14) жол жүрудің алдында балаларға маршрутты, аралық және соңғы пункттердің атауын, тамақтану, демалу, түнеу үшін аралық аялдамалардың шамамен алған уақытын хабарлайды, қауіпсіздік шаралары және мінез-құлық ережелері, өздерінің ұялы телефондарының нөмірлері және топтан қалып қойған кезде іс-қимыл тәртібі туралы хабарлайды.

§ 3. Балаларды тасымалдауды жүзеге асыруға автобустарды дайындау

338. Балаларды тасымалдау үшін бөлінген автобустардың техникалық жай-күйі, техникалық қызмет көрсету өткізудің көлемдері мен мерзімдері, жабдықтары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптарға жауап беруі тиіс.

339. Балаларды тасымалдауға арналған автобустардың кемінде екі есіктерінің болуы және мыналармен:

1) автобустың алдында және артында орнатылуы тиіс "Балаларды тасымалдау" деген төрт бұрыш айыратын белгімен;

2) сары түсті жылтыр шағын маяғымен;

3) әрқайсысының сыйымдылығы кемінде екі литр болатын оңай алынатын өрт сөндіргіштермен (біреуі - жүргізушінің кабинасында, басқасы – автобустың жолаушылар салонында);

4) екі алғашқы көмек дәрі қобдишаларымен (автомобильді);

5) екі жылжуға қарсы тіректермен;

6) авариялық тоқтау белгісімен;

7) колоннада жол жүргенде – автобустың алдыңғы терезесінде қозғалыс бағытымен оң жағында орнатылатын, автобустың колоннадағы орны көрсетілген ақпараттық кестемен;

8) санитарлық паспортымен жабдықталған болуы тиіс.

340. Автобуспен тасымалданатын балалар мен ересектердің жалпы саны осы көлік құралы үшін белгіленген және отыру үшін жабдықталған орындардың санынан аспауы тиіс.

341. Балаларды тасымалдауды бастамастан бұрын осы талаптарға сәйкес болуын тасымалдаушы пайдаланатын көлік құралдарының техникалық жай-күйі үшін жауапкершілік жүктелген лауазымды тұлға тексеруі тиіс (бас инженер,

техникалық бақылау бөлімінің бастығы, өзге де жауапты тұлғалар).

Соның ішінде, автобустан авариялық шығулардың және оларды қимылға келтіретін құрылғылардың, есіктерді басқару сымдарының, төбедегі желдетпе люктердің қақпақтарын ашу тетіктерінің, салонды желдету және жылыту жүйелерінің, есіктер жұмысының сигнал берулері мен аялдаманы талап ету сигналының, дыбыс сигналының дұрыстығы; орындықтардың, тұтқалардың, ілме басқыштардың, желдеткіштердің жай-күй мен бекітілуі, өрт сөндіргіштердің бар болуы және бекітілуі, дәрігерлік дәрі қобдишасының жинақылығы тексерілуі тиіс .

Террорлық актілердің алдын алу мақсатында бөтен заттардың бар болуына автобуларды мұқият тексеру жүргізіледі.

Тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлға автобустың техникалық жарамдылығы және балаларды тасымалдауға дайындығы жөнінде жолпарақта немесе өзге ресми құжатта белгі қояды.

342. Балаларды жаппай тасымалдау үшін екі және одан көп автобулар бөлінген жағдайда тексеру жол полициясы қызметкерлерінің қатысуымен жүзеге асырылады .

Тікелей рейс алдында автобулардың техникалық жай-күйін бақылау және оның нәтижелерін тіркеу белгіленген тәртіппен қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады .

343. Балаларды тасымалдауға бөлінген автобуларда орындықтардың орналасуы жол жүрген кезде оларды алып жүретін ересектерге өздерінің орындарынан балалардың мінез-құлқын бақылауға мүмкіндік беруі тиіс.

§ 4. Балаларды тасымалдауды ұйымдастыру

344. Егер балалар тасымалы кезінде бірнеше тасымалдаушыға тиесілі автобулар пайдаланылатын болса, онда қозғалыс қауіпсіздігі және көлік құралдарын пайдалану үшін жауапты тұлғалар тасымалдаушылардың тасымалдауды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың барлық кезеңдеріндегі өзара іс-қимыл тәртібін белгілейді.

345. Балалардың топтарын 22.00-ден бастап 06.00 сағатқа дейін автобулармен тасымалдау, сондай-ақ көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар жауған, жаңбыр және басқалар) тыйым салынады. Тәуліктің 22.00 сағатынан бастап 06.00 сағатына дейін теміржол вокзалдарына және әуежайларға және олардан, сондай-ақ жақын арадағы демалыс орнына (қонатын жерге) дейін жолда кідіріп қалған кезде балаларды тасымалдауға рұқсат етіледі.

Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобулардың қозғалысын уақытша

тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тапсырыс берушіге хабарлауға тиіс.

346. Тәуліктің жарық мезгілінде балаларды автобуспен тасымалдау фаралардың жақын қосылған жарығымен жүзеге асырылады.

347. Оқу орындарына тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы жергілікті атқарушы органдармен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп маршруттарды және балаларды отырғызудың және түсірудің ұтымды орындарын белгілейді.

348. Автобусты күтіп тұрған балаларға арналған алаңшалар, олардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтындай жеткілікті үлкен болуы тиіс.

Алаңдарда жайластырылған өту жолдары болуы және жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерінен бөлек орналасуы тиіс.

Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

Күзгі-қысқы кезеңде алаңдар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

349. Балаларды оқу орындарына тасымалдауға Тапсырыс беруші балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты түрде (айына кемінде бір рет) тексереді.

350. Автобустардың қозғалыс кестесін тасымалдаушы мен тапсырыс беруші келіседі.

Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуші кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетілген болуы тиіс. Кестенің өзгеруі туралы тасымалдаушы тапсырыс берушіге хабарлауы тиіс, ол балаларды дер кезінде хабарландыру бойынша шаралар қабылдайды.

351. Балаларды тапсырыспен тасымалдауды ұйымдастыру кезінде елді мекендерді жалғастыратын маршруттар бойынша тасымалдаушы:

автомобиль жолдарының, балаларды отырғызу және түсіру пункттерінің жағдайын комиссиялық тексеру үшін облыстың жергілікті атқарушы органдарына жүгінеді;

балалардың тасымалдарын жүзеге асыратын автобустардың өту уақытын көрсете отырып, арнайы аялдау орындарын маршруттарда белгілейді.

352. Балаларды теміржол өткелдері арқылы өтетін тапсырыспен тасымалдауды ұйымдастыру оларды кешенді тексеруді және қарамағында темір жол өткелдері бар ұйымдардың бастықтарымен маршрут қозғалысын келісуді қамтуы тиіс.

353. Реттелмеген теміржол өткелдері арқылы балалардың тапсырыстық тасымалдарын ұйымдастыруға рұқсат етілмейді.

354. Балаларды жаппай тасымалдауды жүзеге асыру кезінде тасымалдаушы тапсырыс берушіден патрульдік автомобильді лектерге ілесіп жүруге бөлу туралы жол полициясы органдарының міндетті белгілеу бар жазбаша өтінімді талап етуге тиіс. Аталған белгісіз автобустар тапсырыс берушіге ұсынылмайды. Өз кезегінде тасымалдаушы балаларды жаппай тасымалдауды жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ маршруттың қозғалысын бақылауды күшейту бойынша шаралар қолдану үшін жол полициясы органдарын хабардар етеді.

355. Балаларды жаппай тасымалдауға және алыс жерлерге балаларды тасымалдауға дайындық кезінде тасымалдаушы тапсырыс берушімен бірлесіп балалардың жиналу пунктінде және келу пунктінде автобустардың аялдауы үшін алаңшалардың болуын; отырғызу алаңшаларының болуын тексереді. Отырғызу және түсіру орындары автобус тұрағынан кемінде 30 м қашықтықта орналасуы т и і с .

356. Балаларды жаппай тасымалдау үшін автобустарды бөлу кезінде тасымалдаушы лектердің үлкенін тағайындауға (үш және одан да көп автобус кезінде – көлік құралдарының қозғалыс қауіпсіздігіне немесе пайдалануға жауапты тұлғалардың санынан, ал екі автобус кезінде – осы автобустардың жүргізушілерінің санынан; үлкені болып тағайындалған жүргізушінің автобустарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс) тиіс.

357. Балаларды тасымалдау маршрутының рұқсат етілген ұзақтығы жүргізушінің жұмыс ауысымы ұзақтығының нормативтерін сақтауын, қозғалыстың қауіпсіз жылдамдық режимін сақтауын негізге ала отырып, сондай-ақ тәуліктің күндізгі уақытында балаларды тасымалдауды жүзеге асыру талаптарын ескере отырып белгіленеді.

358. Автобустың салонында багажды орналастыруға рұқсат етілмейді. Автобуста багаж бөлімдері болмаған кезде багажды тасымалдау жүк немесе басқа қосымша көлік құралдарының көмегімен қамтамасыз етіледі.

§ 5. Балаларды алып жүруге және балалармен сабақ өткізуге жауапты тұлғаны дайындау

359. Тапсырыс беруші балаларды тасымалдайтын әрбір автобустың балалармен оларды жеткізу орнына дейін алып жүретін, тапсырыс беруші-ұйым қызметкерлерінің немесе ата-аналарының ішінен жауаптыларды белгілейді (мектепке, өзге білім беру ұйымдарына балаларды тұрақты тасымалдауды жүзеге асырған кезде жауапты ретінде еріп жүрушілер үшін арнайы нұсқама алған жоғары сынып оқушыларын (16 жастан жоғары) белгілеуге жол беріледі).

360. Бір мекен-жайға екі және одан көп автобустар бөлінген жағдайда тапсырыс беруші әрбір автобуска еріп жүрушілерден басқа бүкіл балаларды тасымалдауды ұйымдастыруға жауаптыны белгілейді.

361. Үш және одан көп автобустардан тұратын лектермен балаларды қалааралық тасымалдаған кезде тапсырыс беруші лектермен дәрігерлік қызметкердің еріп жүруін қамтамасыз етеді.

362. Балаларды алып жүруі үшін тапсырыс беруші белгілеген тұлғалар балаларды автобуспен тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша арнайы н ұ с қ а м а а л а д ы .

363. Нұсқаманы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге немесе тасымалдаушыға тиесілі көлік құралдарын пайдалануға жауапты тұлға жүргізеді.

Нұсқаманың өткізілуі туралы белгі және нұсқама алған тұлғаның қолы нұсқаманы есепке алу туралы арнайы журналға қойылады. Ілесіп жүрушілер нұсқаманы өтпесе, автобустар тапсырыс берушіге ұсынылмайды.

364. Нұсқаманы өту кезінде мынадай тәртіп егжей-тегжейлі жазылады:

1) автобустардың отырғызу орындарына берілуі, балаларды отырғызу және т ү с і р у е р е ж е л е р і ;

2) автобуста қол жүгін орналастыру және багажды тасымалдау;

3) автобус салонында болғанда, балалардың жиналу, отырғызу және түсіру орындарында өздерін ұстауы;

4) ілесіп жүрушілердің жүргізушімен өзара іс-қимылы;

5) салондағы жабдықтарды: желдеткіш люктерді, аялдауды талап ету сигналдарын, желдеткіштерді пайдалану;

6) автобустың аялдауы кезінде балаларды бақылау.

365. Нұсқаманы өткізу кезінде төтенше жағдайлармен байланысты мәселелер қосымша көрініс табады (мәжбүрлі аялдау, автобустың сынуы, ЖКО, терроршылардың автобусты басып алуы), соның ішінде:

1) жолаушыларды эвакуациялау тәртібі;

2) автобустан апаттық шығуларды пайдалану және құрылғыларды қолдану, оларды іске келтіру тәртібі;

3) өрт сөндіргіштерді, алғашқы көмек көрсету дәрі қобдишасын пайдалану е р е ж е л е р і .

366. Балаларды жаппай тасымалдау кезінде тапсырыс беруші ілесіп жүрушілерге алғашқы медициналық көмек көрсету мәселелері бойынша нұсқаманы медициналық қызметкердің жүргізуін қамтамасыз етеді.

367. Балалардың тұрақты тасымалдарын жүзеге асыру кезінде тапсырыс беруші мынадай мәселелер кіретін, арнайы бағдарлама бойынша балалармен тұрақты сабақтар өткізуді ұйымдастырады:

1) жиналу орындарында және автобусты күту уақытында қауіпсіздік тәртібінің ережелері туралы;

2) отырғызу және автобустан түсіру тәртібі туралы;

3) автобустың қозғалу уақытындағы және аялдауы кезіндегі тәртіп ережелері туралы;

4) тасымалдау кезінде қауіпті немесе төтенше жағдайлар туындағандағы тәртіп туралы;

5) зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету тәсілдері туралы (ересек балалармен сабақ өткізу кезінде).

Сабақты өткізу кезінде жол қозғалысы процесінде және тасымалдау уақытында туындайтын іс жүзіндегі жағдайларды талқылау үшін көрнекті құралдарды пайдалану көзделуі тиіс.

§ 6. Балалардың тасымалдарын жүзеге асыратын жүргізушілерге, олардың еңбектерін ұйымдастыруға қойылатын талаптар. Жүргізушілерді рейске дайындау және рұқсат беру

368. Балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушілерге рұқсат етіледі:

1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;

2) автобустың жүргізушісі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар;

3) соңғы жылдары еңбек тәртібін және қозғалысы ережесін өрескел бұзбаған.

Балаларды тасымалдауға жіберген ұйымдағы жүргізушінің жұмыс өтілі бір жылдан кем болмауы тиіс.

Сыйымдылығы 41 орынды автобустармен балаларды тасымалдауға тағайындалған, сондай-ақ қалааралық қатынастағы балаларды басқа да тасымалдаудағы жүргізушілердің автобустардағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл болуы тиіс.

369. Балаларды тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдарда балаларды тасымалдауға рұқсат етілуі тиіс өзіндік кәсіби сипаттамалары бойынша жүргізушілердің тізімі құрылуы тиіс, көрсетілген тізім жыл сайын жаңартылады және тиісті бұйрықпен бекітіледі.

370. Тасымалдаушының рейс алдындағы медициналық тексеруді өтпеген жүргізушілердің жол жүруіне рұқсат етуіне тыйым салынады.

371. Балаларды кез келген тасымалдаумен айналысатын жүргізушілердің жұмыс ауысымының ұзақтығы 12 сағаттан аспауы тиіс.

Балалар тасымалын жүзеге асыру алдындағы жүргізушінің ауысым арасындағы демалу ұзақтығы демалу алдындағы жұмыс күнінің (ауысым) жұмыс

уақытынан кемінде екі есе ұзақтау болуы тиіс.

Егер қозғалыс режимі жүргізушінің 12 сағаттан асатын жұмыс уақытының ұзақтығын көздесе, рейске екі жүргізуші жіберіледі. Бұл ретте автобус жүргізушінің демалуына арналған ұйықтайтын орынмен жабдықталуы тиіс.

372. Балаларды тұрақты және маусымдық тасымалдау алдында, сондай-ақ бір реттік тасымалдауды жүзеге асыру алдында жол жүру қауіпсіздігіне немесе көлік құралдарын пайдалануға жауапты лауазымдық тұлғалар (тасымалдау жөніндегі директордың орынбасары, қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі директордың орынбасары, автолектің бастығы, өзге де жауапты тұлғалар), жүргізушілермен маршруттағы қозғалыс және жұмыс тәртібі, шарттары және ерекшеліктері туралы арнайы нұсқама жүргізеді. Тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру процесінде, егер оларды бір және сол ғана маршрут бойынша бір және сол жүргізуші жүргізсе (соның ішінде және жалпы қолданыстағы автобустардың қозғалыс кестесіне қосымша бөлінетін арнайы мектеп рейстерін жүзеге асыру кезінде), жол-көлік оқиғаларының болғаны, жол-климаттық жағдайлардың және маршрутта қозғалыс режимдерінің өзгеруі және басқалар туралы ақпарат алған жағдайда, айына бір рет арнайы нұсқама жүргізіледі.

373. Арнайы нұсқамаға мынадай деректер кіруі тиіс:

1) осы ұсынымдарға сәйкес балаларды автобустармен тасымалдау тәртібі туралы ;

2) маршруттағы жол жағдайының жай-күйі, қозғалыстың ерекшеліктері және жылдамдық режимдері туралы ;

3) маршруттағы жол-көлік оқиғаларының қауіпті учаскелері және шоғырлану орындары, маршрутта орналасқан қауіптілігі жоғары орындардан жүріп өту тәртібі туралы (теміржол өткелдері, жолөткелдері, көпірлер және т.б.), соның ішінде жүргізушіге берілген маршруттың сұлбасын пайдалана отырып, нақты жағымсыз жол-климаттық жағдайларда қауіпсіздігі жоғары сипатталған қозғалыс учаскелері туралы ;

4) лектің үлкенімен өзара іс-қимыл тәртібі және лектегі қозғалыс тәртібі туралы (жаппай тасымалдау кезінде);

5) балаларды тасымалдауды орындау кезінде автобус бойынша жүргізушілердің және еріп жүрушілердің өзара әрекеттесуі және жауапкершілік аясын бөлу тәртібі туралы ;

6) туристерге және экскурсанттарға қызмет көрсету ережелері туралы (туристік-экскурсиялық тасымалдау кезінде);

7) қауіпті жол жағдайлары туындаған кездегі, маршрутта жол-климаттық жағдайлар кенеттен нашарлаған кездегі, автобустың техникалық бұзылуы туындаған кездегі, жолда жүргізушінің және жолаушылардың денсаулық жағдайы нашарлаған кездегі, қылмыстық элементтер автобусты басып алуға

әрекет жасаған немесе басып алған кездегі іс-әрекеттер;

8) ЖКО қауіпі немесе туындаған кезінде жүргізушінің іс-әрекеті туралы (соның ішінде автобустан жолаушыларды шұғыл эвакуациялау тәртібі, зардап шеккендерге бірінші көмек көрсету);

9) желідегі жұмыс кезінде қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау және автобуста өрт туындаған кездегі іс-әрекеттер туралы;

10) жол қозғалыс ережелерін бұзғаны, жолаушылардың өмірі және денсаулығы үшін жүргізушінің жауапкершілігі туралы.

Арнайы нұсқаманы жүргізгені және нұсқаманы өткен жүргізушінің қолы туралы белгі нұсқаманы есепке алу журналында тіркеледі. Жүргізуші бір жолғы тасымалдауды жүзеге асырған кезде жүргізушінің нұсқаманы өткені туралы белгі арнайы журналдан басқа жол жүру парағында да жасалады.

374. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне мыналарға т ы й ы м с а л ы н а д ы :

1) сағатына 60 км артық жылдамдықпен жүруге;

2) жүру маршрутын өзгертуге;

3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, багажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;

4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;

5) автомобиль легінде жүру кезінде алда жүрген автобусты басып озуға;

6) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;

7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.

§ 7. Аялдама және отырғызу орнына автобустарды бер

375. Жиналу орнына келген бойдан жүргізуші тапсырыс берушінің осы ереженің 338 және 339-тармақтарында көрсетілген тасымалдау шарттарын нақты қамтамасыз етуін тексереді. Егер автобус бойынша еріп жүрушілер жоқ болса немесе еріп жүрушілер мен балалардың нақты саны автобустағы отырғызу орны санынан асып кетсе, балаларды тасымалдау жүзеге асырылмайды.

376. Бір мекен-жайға екі және одан артық автобустар бөлінген жағдайда лектердің аға жетекшісі автобустардың олардың тұрақтауы үшін бөлінген алаңшада орналасуын қамтамасыз етуге тиіс.

Автобустардың тұрақтау орындарында және отырғызу (түсіру) орындарында автобустарды беру кезінде балаларды тасымалдауға қатысы жоқ көлік құралдары , сондай-ақ шығарып салушылар (күтіп алушылар) және бөтен тұлғалар болмауы

т и і с .

377. Тұрақтау және отырғызу (түсіру) орындарында тұрған автобустар қол тежегішімен тоқтатылған, ауыстыруы қосылған және қозғалтқышы істемей тұруы тиіс .

378. Автобустар тұрақтау орындарында тұрған кезде жүргізушілерге олардан алыстап кетуге тыйым салынады .

379. Балаларды тасымалдауды жүзеге асыратын жүргізушілер балаларды отырғызу (түсіру) және бағыт бойынша қозғалу кезінде автобус бойынша еріп жүрушілердің нұсқауларын орындауға тиіс, егер олар Жол қозғалысы ережелеріне, осы Ереже талаптарына, жол қозғалысы қауіпсіздігінің өзге де талаптарына қайшы келмесе және егер осы нұсқаулар еріп жүрушілердің құзыреті аясына кіретін болса (балалардың тәртібі, олардың денсаулығы және қауіпсіздігі) .

380. Еріп жүрушілер автобуска отырғызу және одан түсіру, автобус қозғалысы кезінде, аялдау уақытында балалар арасында тиісті тәртіпті қамтамасыз етуге тиіс .

381. Еріп жүрушілер балаларды автобуска отырғызуға дейін:

1) балалардың қауіпсіз орынға жиналуын қамтамасыз етуі тиіс. Жиналу орны отырғызу орнынан 15 метрден аз емес қашықтықта орналасуы;

2) келген балаларды қолда бар тізім бойынша салыстыруы және іс-жүзінде келген балаларды тізімде белгілеуі;

3) балалардың қол жүгі мен багажының өлшемі, буып-түйілуі және құрамы автобустарды пайдалану ережелерінің және автобустармен жолаушыларды және жүктерді тасымалдау ережелерінің талаптарына сәйкес келуін тексеруі;

4) багаждың автобустың багаж бөлігіне немесе балалардың багажын тасымалдауға арналған арнайы көлік құралына тиелуін ұйымдастыруы;

5) автобуска отырғызу және автобустан түсіру тәртібі туралы, сондай-ақ автобустың қозғалуы және аялдауы (тоқтауы) уақытындағы тәртіп ережелері туралы, хал-жағдайы нашарлаған жағдайдағы, сапар барысында қауіпті және төтенше жағдай пайда болған кездегі тәртіп ережелері туралы мәселелерді міндетті түрде қоса отырып балаларға нұсқама жүргізуді (бір жолғы және маусымдық тасымалдар кезінде) өткізуі тиіс.

382. Отырғызу платформасында (аялдамада) балалар бір жерде топпен орналасады және мыналарды болмайды:

1) топ басшысының, ересек еріп жүрушінің рұқсатынсыз кетуге, жаяу жолдың, жолдың жағасы, отырғызу платформасы бойынша жан-жаққа тарап кетуге ;

2) отырғызу платформасында (аялдамада) тұрған басқа адамдарға кедергі және ыңғайсыздық жасауға ;

3) жүгіруге, бірін-бірі итеруге, қимыл ойындарын, соның ішінде доптармен және басқа да заттармен ойнауға тыйым салынады;

4) жақындап келе жатқан көлік құралы толық аялдағанға дейін отырғызу платформасының, жаяу жолдың, жолдың жағасының шетіне жақын келуге;

5) үрленген және басқа жеңіл ойыншықтарды, доптарды және өзге де жеңіл заттарды қолда алып жүруге (ұстауға), қағаз ақшаларды санауға, құжаттарды және желдің әсерінен жолға ұшып кетуі мүмкін және балалардың кенеттен жолдың жүру бөлігіне шығып кетуіне әкеп соқтыруы мүмкін басқа жеңіл заттарды алып шығаруға және қарауға.

383. Лектердің аға жетекшісі отырғызу алаңшасына автобустардың берілуін ұйымдастырады. Автобустар отырғызу (түсіру) орнына бір-бірлеп беріледі. Автобустың жүргізушісі отырғызу (түсіру) орындарына қозғалысты тек қана осы орыннан жолаушыларды отырғызу (түсіру) аяқталған кезекті автобусты жөнелткеннен кейін ғана бастауы тиіс. Отырғызу (түсіру) орнына келгеннен соң, жүргізуші жол қозғалысы ережесінің 7.3-тармағының талаптарын орындауы тиіс.

384. Жүргізушіге балаларды отырғызу (түсіру) уақытында автобустың кабинасынан шығуға болмайды.

385. Балаларды автобусқа отырғызу еріп жүрушінің басшылығымен және жүргізушінің бақылауымен (жаппай тасымалдаған кезде одан басқа тасымалдауды ұйымдастыруға жауаптының байқауымен) автобус толық тоқтағаннан кейін отырғызу алаңында жүргізіледі.

Көлік құралы жақындаған кезде еріп жүрушілер балалардың оның алдынан жүгіріп шығуына, жүру бөлігінің шетінде топтануына жол бермейді.

386. Еріп жүрушілер балаларды отырғызу орнына ұйымдасқан тәртіпте (кіші балаларды – екі-екіден сапқа тұрғызып) жеткізеді. Отырғызу автобустың алдыңғы есігі арқылы жүргізіледі.

Отырғызған кезде жеке заттар баланың бір қолына сыйуы тиіс, басқа қолымен ол баспалдақпен салонға көтерілген кезде тұтқадан ұстауы тиіс.

387. Отырғызған кезде еріп жүрушілер балалардың:

1) жолдың жүру бөлігіне шығуына;

2) итерісуіне, төбелесуіне;

3) салонға иықтарындағы рюкзактармен және сумкалармен кіруіне (тепе-теңдікті жоғалту, өзге жолаушылардың беттері мен көздерін жарақаттану қаупін болдырмау үшін оларды отырғызудың алдында шешу қажет);

4) өту жолдары мен шығатын есіктерді жеке заттармен бөгеуге;

5) жоғарғы сөрелерге ауыр және орнықсыз заттарды қоюға жол бермейді.

388. Еріп жүруші автобусқа кезекпен кіретін балаларды қолжүгінің қауіпсіз орналасуына көңіл бөле отырып отырғызады.

389. Қол жүгі автобуста жолаушылардың қауіпсіздігіне қауіп-қатер төндірмейтіндей және жүргізушінің қарау ауқымын шектемейтіндей болып орналастырылуы тиіс.

Қол жүгі автобустың салонында орналастырылған кезде мынадай талаптар сақталуы тиіс:

1) егер автобуста сөрелер болса, онда оларда тек жеңіл (салмағы 1 кг аспайтын), сынбайтын, үшкір дөңестері жоқ және ұзындығы 60 см аспайтын бұйымдар мен заттар ғана орналастырылады;

2) заттар сөрелерде автобустың қозғалысы, күрт бұрылғанда, тежегенде және т.с.с. кезінде олардың құлауын болдырмайтындай етіп орналастырылуы (бекітілуі) тиіс.

390. Барлық балаларды және қол жүгін автобуста орналастырғаннан кейін еріп жүрушілер осы Ереженің талаптарына сәйкес:

1) балаларды санап шығуы;

2) олардың барлығы отыруға арналған орындарда орналасқанын және жеке заттарын қауіпсіздік шараларын сақтай отырып орналастырғандығын тексеруі;

3) жүргізушіден медициналық дәрі қобдишасының, өрт сөндіргіштің орналасқан жерін және оларды, авариялық люктерді қолдану тәртібі мен оларды ашу әдісін, есіктерді авариялық ашу батырмаларын және оларды пайдалану тәртібін, көлік құралының ерекшеліктерімен анықталатын өзге де қауіпсіздік шараларын нақтылауы, және де балаларға нұсқау беруі;

4) жүргізушіні отырғызу аяқталғаны туралы хабардар етуі және автобуста оларға арналған орындарды алуы тиіс.

Еріп жүруші отырғызу (түсіру) аяқталғаны туралы хабар бергеннен және автобус есіктері толық жабылғаннан кейін жүргізушіге отырғызу (түсіру) орнынан автобус қозғалысын бастауға рұқсат етіледі.

§ 8. Автобустардың маршруттағы қозғалыс және аялдау (тұрақтау) тәртібі

391. Балаларды тәуліктің қараңғы мезгілінде тасымалдаған жағдайда фаралардың жақын немесе алыс жарығымен қоса тұманға қарсы фаралар пайдаланылуы мүмкін.

392. Лекпен қозғалған кезде автобустар олардың арасында қауіпсіз интервалды сақтай отырып, қатаң белгіленген тәртіпте қозғалуы тиіс (Жол жүру ережесінің 9.10-тармағына сәйкес).

393. Лектің аға жетекшісі әрбір жүргізушінің Жол жүру ережесінің және осы Ереженің талаптарын сақтай отырып, лектің қозғалуын қамтамасыз етуге тиіс. Балаларды екі автобуспен тасымалдаған кезде лектің аға жетекшісі бірінші автобуста, балаларды үш және одан көп автобустармен тасымалдаған кезде –

соңғы автобуста орналасады.

394. Балаларды тасымалдаған кезде қозғалыс жылдамдығын жүргізуші жол, метеорология және өзге де жағдайларға байланысты таңдайды (Жол жүру ережесінің 10.1-тармағына сәйкес), бұл ретте автобус қозғалысының жылдамдығы барлық жағдайда 60 км/сағ аспауы тиіс.

Балаларды лекпен тасымалдайтын автобустардың қозғалысы кезінде қозғалыс жылдамдығын лекке еріп жүретін жол полициясының қызметкері таңдайды, бірақ барлық жағдайда ол 40 км/сағ аспауы тиіс.

Автобусты басқару кезінде жүргізуші күрт тежеуге жол бермей автобус жүрісінің бірқалыптылығына ерекше көңіл бөлуі тиіс.

Автобустар легінің темір жол өткелінен өту қауіпсіздігін оған еріп жүретін жол полициясы қызметкерлері қамтамасыз етеді.

395. Балаларды тасымалдаған кезде жүргізушіге:

1) автобус қозғалысының белгіленген маршрутынан ауытқуға және белгіленген жылдамдық режимдерін бұзуға;

2) қозғалыс барысында автобусты басқарудан алаңдауға (сөйлесуге, тамақ ішуге, кабинада қатты музыка қосуға);

3) тасуға тыйым салынған нәрселерді, заттарды және материалдарды автобуста алып жүруге;

4) топырақ жолдарға шығып кетуге және олармен жүруге (балаларды ауылшаруашылық жұмыстарына және демалыс орындарына, сондай-ақ жолды жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу кезінде тасымалдаған жағдайдан басқа) тыйым салынады.

396. Автобустың қозғалысы барысында еріп жүрушілер мүмкіндігінше автобустың әрбір есігінің жанында орналасуы тиіс. Егер автобуста бір еріп жүруші болса, ол автобустың алдыңғы есігінің жанында орналасуы тиіс.

Медицина қызметкерлері және балалар тасымалын ұйымдастыруға жауаптылар (жаппай тасымалдау кезінде) соңғы автобуста орналасуы тиіс.

397. Сапар кезінде еріп жүрушілер балалардың:

1) салонда тұруына және жүруіне;

2) есіктер мен терезелерге жантаюына;

3) жоғарғы сөрелерге ауыр және орнықсыз заттарды қоюына;

4) қол жүгін өту жолдарына және кіреберістегі (шыға берістегі) алаңдарда орналастыруына;

5) терезе ойықтарынан бастарын шығаруына;

6) терезеден қоқысты және қандай болса да өзге заттарды тастауға;

7) жазатайым жағдайдың алдын алуға бағытталған жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін ахуал туралы хабарламалардан басқа жүргізушіні көлік құралын басқарудан алаңдатуына;

8) жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндірмейтін жағдайларда авариялық жабдықтарды пайдалануына;

9) есіктерді ашуына;

10) төбелесуіне, итерісуіне, қимыл ойындарын ойнауға;

11) шылым шегуге, сіріңке, оттық жағуға;

12) спирттік ішімдіктерді ішуіне, есірткі, психотропты және улы заттарды қабылдауына жол бермейді.

398. Еріп жүрушілер мыналарды қамтамасыз етеді:

1) барлық оқушылардың қозғалыс, аялдау, тамақтану, түнеу кезінде жеке гигиена ережелерін сақтау;

2) су ішу режимін сақтау;

3) әрбір топта дәрігерге дейінгі көмек көрсетуге қажетті дәрігерлік және тану құралдарының жиынтығымен жабдықталған медициналық дәрі қобдишасы болуын;

4) балалардың хал-жағдайын әрдайым қадағалауын, қажет болған жағдайда ауырғандар мен жарақаттанғандарға дәрігерге дейінгі көмек көрсетуін;

5) сапардың ұзақтығы бір тәуліктен асқан кезде аялдамаларда мамандандырылған қоғамдық тамақтану мекемелерінде (асханаларда, дәмханаларда және т.б.) балалардың толыққанды үш мезгіл ыстық тағаммен тамақтануын;

6) түнеу орындарына келген кезде мамандандырылған мекемелерде (қонақ үйлерде, кемпингтерде және т.б.) балаларға берілген орындардың тексерілуін және олардың санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға және қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуін тексеру;

7) оқушылардың сегіз сағаттан кем емес күн сайынғы толыққанды түнгі демалуын (ұйықтауын).

399. Бүкіл маршрут бойы балалар автобуска алғашқы отырғызу кезінде оларға бөлінген орындарды алуы тиіс. Автобустың қозғалыс барысында және аялдамадан (тұрақтан) кейін еріп жүрушінің рұқсатынсыз орыннан орынға отырғызуға тыйым салынады.

400. Автобус салонындағы терезелер (желдеткіштер) жабық болуы тиіс. Салонды желдету қажет болған жағдайда және тек еріп жүрушінің рұқсатымен ғана төбедегі желдету люктері ашылады.

401. Қалааралық және қала маңы балалар тасымалдарын (соның ішінде туристік-экскурсиялық) жүзеге асыратын автобустардың графигінде (кестесінде) әрбір 1,5-2 сағат жүрген сайын ұзақтығы 10 минут және әрбір 4 сағат жүрген сайын ұзақтығы 30 минут тұрақтаулар көзделуі тиіс (соңғысын жүргізушінің түскі асымен сәйкес келтіруге рұқсат беріледі).

402. Тасымалданатын балалардың қалыпты жағдайы мен денсаулығын

камтамасыз етуге байланысты қажеттілік болған кезде автобустың жүргізушісі еріп жүрушінің нұсқауымен жол жүру барысында жоспарланбаған аялдамалар ж а с а у ғ а т и і с .

Аялдама және тұрақ орындарын таңдағанда жүргізуші Жол жүру ережесінің 12.1-12.7-тармақтарының талаптарын басшылыққа алуы тиіс. Автобустың аялдауы (тұрақтауы) кезінде балаларды отырғызу және түсіру орындары, мүмкіндігінше, қарқынды қозғалысы бар жол учаскелерінде орналаспауы тиіс. Аталған талапты орындау мүмкін болмаған жағдайда балаларды автобуска отырғызу және одан түсіру кезінде авариялық сигнал беру іске қосылуы тиіс.

Тәуліктің қараңғы мезгілінде, сондай-ақ жеткіліксіз көру жағдайында аялдама (тұрақтау) жасаған кезде Жол жүру ережесінің 19.3-тармағына сәйкес сыртқы жарық құралдарын пайдаланған жөн.

403. Еріп жүрушілер қауіпсіздік шараларын сақтау қажеттігі, топтың артында қалып қоюына жол берілмейтіндігі және егер бала қалып қойған жағдайда іс-қимыл тәртібі туралы балаларға ескерте отырып, әрбір аялдаманың алдында тұрақтау уақытын хабарлайды.

404. Тұрақтау (аялдау) кезінде балаларды автобустан шығару алдыңғы есіктер арқылы жүзеге асырылады. Автобустан бірінші болып еріп жүрушілер шығады. Тұрақтау (аялдау) кезінде еріп жүрушілер: біреуі – автобустың алдыңғы бөлігінде, екіншісі – автобустың артында тұруы және балалардың түсуін және содан кейін балалардың жолдың жүру бөлігіне жүгіріп шықпауын бақылау қажет .

Балалар автобуска оралғаннан кейін еріп жүрушілер балалардың өз орындарында орналасқандығына көз жеткізеді, содан кейін ғана жүргізушіге сапарды жалғастыру мүмкіндігі туралы хабарлауы тиіс.

405. Маршрут бойынша автобустың қозғалысы мына жағдайларда тоқтатылуы тиіс :

1) автобуста Жол жүру ережесіне сәйкес қозғалыс немесе оларды пайдалану тыйым салынған техникалық ақаулар пайда болғанда;

2) жол-метеорологиялық жағдайлар өзгергенде және қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес автобустар қозғалысына тыйым салынған тасымалдаудың қауіпсіздігіне қауіп төндіретін өзге де жағдайларда (көк тайғақ, тұман, жолдардың бұзылуы, жүретін жолдың маңында авариялар болу және т.б.);

3) жол жүргенде бала жарақат алғанда, кенеттен ауырғанда, қан кеткенде, т а л ғ а н д а ж әне т . б . ;

4) жүргізушінің хал-жағдайы нашарлағанда.

406. Техникалық ақауға байланысты автобусты мәжбүрлі тоқтатқан кезде жү р г і з у ш і :

өзге көлік құралдарына кедергі жасамайтындай етіп автобусты тоқтатуға, авариялық сигнал беруді қосуға және елді мекенде автобустан 15 метрден және елді мекеннің сыртында – 30 метрден кем емес қашықтықта автобустың артында авариялық аялдау белгісін қоюға;

осы Ереженің барлық талаптарын сақтай отырып, қозғалысты одан әрі жалғастыруға мүмкіндігі туғанға дейін балаларды автобустан шығаруға, еріп жүрушілердің бақылауында оларды қауіпсіз жерге апаруға тиіс.

407. Бала құсқан кезде еріп жүруші жүргізушіге автобусты тоқтату жөнінде белгі беру, мүмкіндігінше себебін анықтап (тербелу немесе тамақтан улану), алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсету қажет. Тамақтан уланғанда – асқазанды шаю, тербелгенде – жалбыз қосқан таблетка беру, салонның алдыңғы бөлігіндегі орындыққа отырғызу, құсықты жинау үшін полиэтилен пакетпен қамтамасыз ету қажет. Егер баланың хал-жағдайы жақсармаса, науқасқа дәрігерлік көмек көрсету үшін дәрігерлік мекеме бар ең жақын аялдама пунктіне жеткізу керек.

408. Жол жүргенде бала жарақат алғанда, кенеттен ауырғанда, қан кеткенде, талғанда және т.б. жағдайда автобустың жүргізушісі, топ жетекшісі және еріп жүрушілер балаға білікті дәрігерлік көмек көрсету үшін оны жақын орналасқан дәрігерлік пунктіге (мекемеге, ауруханаға) дереу жеткізу шараларын қабылдау қ а ж е т .

409. Жолда қозғалысты мәжбүрлі тоқтатудың барлық жағдайларында тасымалдаушыға қозғалысты мәжбүрлі тоқтату туралы ақпарат беріледі, ол тасымалдауды онан әрі жүзеге асыру бойынша оған байланысты барлық шаралар қабылдауға (автобусты ауыстыру немесе жөндеу, жүргізушіні ауыстыру), ал жол-метеорологиялық жағдайлар бойынша қозғалысты тоқтатқан жағдайда – жолаушылар үшін күтудің қолайлы және қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз етуге т и і с .

410. Жол-көлік оқиғасы болған жағдайда жүргізуші және еріп жүрушілер көлік құралынан балаларды олардың жеке заттарын шығармай жедел эвакуациялау қ а ж е т .

411. Көлік құралында өрт пайда болған жағдайда еріп жүрушілер:

1) өрт жөнінде жүргізушіге белгі беруге;
2) көлік құралы тоқтағанға дейін балаларды өрт көзінен мүмкіндігінше алысырақ апаруға және оны салонда бар өрт сөндіргішпен және қол астындағы заттармен сөндіруге кірісуге;

3) тоқтағаннан кейін балаларды және барлық жолаушыларды көлік құралы жарылған кезде жарақаттарды болғызбайтын қауіпсіз қашықтыққа жеке заттарсыз жедел шығаруға тиіс.

412. Жол-көлік оқиғасы және өрт кезінде балаларды көлік құралынан эвакуациялағаннан кейін еріп жүрушілер және жүргізуші:

1) зардап шеккендерге алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуге және оларды жақын орналасқан дәрігерлік мекемеге жеткізуге;

2) жол-көлік оқиғасы немесе өрт орнына жол полициясы және егер қажет болса "жедел көмек" қызметкерлерін, құтқарушыларды, өртке қарсы қызметтің мамандарын шақыру шараларын қабылдауға;

3) зардап шекпеген баларды олардың қауіпсіздігіне қауіп төнбейтін орынға жинап, оларды тыныштандыруға, қажет болған жағдайда денсаулығы әлсіреген, жүрек-тамыр және асқынуы стреске әкеп соғуы мүмкін өзге де аурулары бар балалардың дәрігер белгіленген дәрілерді қабылдауын қамтамасыз етуге;

4) өртті сөндіруді аяқтағаннан кейін, сондай-ақ жол-көлік оқиғасы орнында қауіп болмаған кезде жол полициясы қызметкерлерінің келісімі бойынша топ жетекшілерінің және ересек еріп жүрушілердің күшімен мүмкіндігінше балаларды тартпай жеке заттарды жинап, оларды балаларға беруге;

5) балаларды онан әрі тасымалдау мүмкіндіктерін және маршрутын анықтауға;

6) қажет болғанда орынға келіп жеткен жол полициясының қызметкерлеріне балаларды тасымалдауды ұйымдастыруға көмек көрсету туралы өтініш жасауға;

7) телефон арқылы оқиға және балалардың хал-жағдайы туралы тапсырыс берушінің әкімшілігіне хабарлауға, оның көмегімен медициналық мекемелерге жіберілген балалардың заңды өкілдеріне олардың орналасқан жері және хал-жағдайы туралы, сондай-ақ зардап шекпеген балалардың заңды өкілдеріне олардың орналасқан жері және топтың онан әрі жүру маршруты туралы жедел хабарлауын қамтамасыз етуге тиіс.

§ 9. Маршруттың соңғы пунктіне келу және балаларды түсіру

413. Маршруттың соңғы пунктіне келгенде автобустар тұрақтау үшін бөлінген орындарға қойылады, ол жерден түсіру орнына бір-бірден келеді.

414. Түсірген кезде еріп жүрушілер балалардың:

1) есікке қарай қозғалғанда төбелесуіне, итерісуіне;

2) баспалдақтардан секіруіне;

3) көлік құралын жолдың жүргінші бөлігінен айналып өтуіне, оған шығуына;

4) жүргінші бөліктің маңында қимыл ойындар ойнауына жол бермейді.

Автобустан шыққанда әрбір бала жеке заттарын (сөмкелерін, пакеттерін және т.б.) бір қолымен көтеріп, ал екінші қолымен баспалдақтардан түскенде тұтқадан ұстауы тиіс. Тепе-теңдікті жоғалтпау және өзге жолаушыларды жарақаттандырмау үшін иықпен көтеріп жүретін рюкзактар мен сөмкелерді оқушылар иықтан шешіп, қолдарына алулары тиіс.

415. Түсіргеннен кейін еріп жүрушілер:

1) жеткізу орнына келген балаларды санап шығуға;

2) ұйымдасқан түрде оларды түсіру орнынан және автобустардың тұрақтау

алаңшаларынан еріп жүру;

3) түсіру орнынан жаяу жүрген кезде олардың Жол жүру ережесімен жаяу жүргіншілерге қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

416. Балалардың қалааралық және қала маңы тасымалдарын орындаған кезде автобустың жүргізушісі (немесе лектің аға жетекшісі) маршруттың соңғы пунктіне келген бойдан ол туралы тасымалдаушыға хабарлауға тиіс.

Маршруттың соңғы пунктіне келу үшін жүру графигі белгілеген уақыттан кейін бір сағат ішінде мұндай хабарлама болмаған жағдайда тасымалдаушы автобустың (автобустардың) орналасқан жерін анықтау бойынша шаралар қ а б ы л д а у ғ а т и і с .

417. Жол қозғалысын ұйымдастыру бойынша, автомобиль жолдарының, көшелердің, темір жол өткелдерінің, паромдық өткелдердің, олардың жайластыру жөнінде жол қозғалысының қауіпсіздігіне қауіп төндіретін қандайда бір ескертулер (кемшіліктер) болған кезде жүргізуші тасымалдаушының диспетчеріне хабарлауға тиіс.

§ 10. Балаларды маршруттық көлікпен тасымалдау

418. Маршруттық автокөлікпен ұйымдастырылған балалар топтарының сапары кезінде жоғарыда атап көрсетілген қауіпсіздік шараларымен қатар еріп жүрушілер бірқатар қосымша талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге тиіс:

1) адамдарды тасымалдауға арналған тек арнайы маршруттық автобустарды, троллейбустарды, микроавтобустарды (маршруттық таксилерді) пайдаланады, адамдарды тасымалдауға рұқсат қағаздарды жоқ маршруттыққа кірмейтін жолай немесе жүргізушілері мұндай тасымалдарға рұқсат алмаған көлік құралдарын п а й д а л а н б а у ;

2) сапардың алдында балаларға оның маршрутын хабарлау, топ жүретін көлік құралдары маршруттарының нөмірлерін, егер жүру кезінде қайта отырғызу жоспарланған болса аялдамалардың (автобус станцияларының) және соңғы пунктінің атауларын көрсету;

3) балалармен ұялы телефондарының нөмірлерімен алмасу және негізгі топтан қалып қойған оқушылардың іс-қимыл тәртібін белгілеу;

4) Жол жүру ережесімен белгіленген жаяу жүргіншілер мен жолаушылардың міндеттері, аялдамаларда (автобус станцияларында) автокөлік құралдарын күту, отырғызу, өту және түсіру кезінде қауіпсіздік шаралары туралы ескерту;

5) маршруттық автокөлікке отырғызу алдында балалар одан түсетін жолаушыларға кедергі жасамауын қамтамасыз ету;

6) маршруттық көлік құралына отырғызу кезінде балалардың салонда қауіпсіз орналасуын, олардың қауіпсіздік шаралары мен тәртіп ережелерін сақтауын

қ а м т а м а с ы з

е т у ;

7) қалааралық маршруттық автобуска багажы бар балаларды отырғызу алдында салонды бөгеуі мүмкін ортақ және жеке ірі көлемді, басқа да заттарды багаж бөлімшесіне өткізуді ұйымдастырады;

8) балалар салоннан шыға алатын, сондай-ақ топты түсіру қажет аялдамаларға (автобус станцияларына) жақындағаны жөнінде балаларға алдын ала ескерту ;

9) балалар салоннан шыққан аялдамалардан кейін, сондай-ақ қайта отырғызу үшін автокөлік құралынан шыққаннан кейін балалардың ешқайсысы қалып қоймағанына көз жеткізе отырып, топтың құрамын тексеру.

12-тарау. Қорытынды ережелер

§ 1. Осы Ереженің сақталуын бақылау

419. Осы Ереженің сақталуын мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.";

Жолаушыларды және багажды автомобиль көлігімен тасымалдау ережесіне 1-қосымша, осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жолаушыларды және багажды автомобиль көлігімен тасымалдау ережесіне 4-қосымша, осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын ;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жолаушыларды және багажды автомобиль көлігімен тасымалдау ережесіне 5-қосымшадағы:

8-11-бағандарының атауындағы "шағын автобустардың" деген сөздерден кейін "(резервтің есебінсіз)" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жолаушыларды және багажды автомобиль көлігімен тасымалдау ережесіне 9-қосымшадағы:

3-бағанының атауындағы "Жүргізуші персонал" деген сөздер " тасымалдаушының жұмыс тәжірибесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жолаушыларды және багажды автомобиль көлігімен тасымалдау ережесіне 10-қосымша, осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын ;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жолаушыларды және багажды автомобиль көлігімен тасымалдау ережесіне 11-қосымша алынып тасталсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жолаушыларды және багажды автомобиль көлігімен тасымалдау ережесіне 12-қосымша, осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын ;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жолаушыларды және багажды автомобиль көлігімен тасымалдау ережесіне 14-қосымшадағы:

атауындағы "нормативтері" деген сөз "ұсынылатын нормативтері" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік-коммуникация кешенін дамыту департаменті (Б.А. Жансүгіров) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң
міндетін атқарушы Ж. Қасымбек

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
Ж.А. Досқалиев -----

2008 жылғы 11 желтоқсан

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрі
Б.Б. Жәмішев -----

2008 жылғы 15 желтоқсан

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрі
Б.Ә. Мұхамеджанов -----

2008 жылғы 12 желтоқсан

Қазақстан Республикасы Көлік және
коммуникация министрінің
2008 жылғы 10 желтоқсандағы
N 539 бұйрығына

1-қосымша

Жолаушыларды және багажды
автомобиль көлігімен
тасымалдау ережесіне

1-қосымша

**Жол жүру құжаттарының (билеттерінің) және
багаж түбіртектерінің нысандары**

1. Қалалық қатынаста жол жүруге арналған жол жүру құжаттарының (билеттерінің) нысаны:

1) Жолаушылар жол жүруге арналған бір реттік бақылау билеті билеттің жазулары көк түспен жазылады:

к е м і н д е 3 5 м м

| А в т о б у с |
| _____ қаласы |
| қалалық қатынаста |
| жолаушылар жол |
| жүруіне арналған |
|Сериясы _____ | кемінде 60 мм
| N 0 0 0 0 0 0 0 |
| 0 0 т е ण г е |
2 0 _ _ _ ж ы л

2) Балалар жол жүруге арналған бір реттік бақылау билеті билеттің жазулары қызыл түспен жазылады:

| А в т о б у с |
| _____ қаласы |
| қалалық қатынаста |
| жол жүруге арнал- |
| ған балалар билеті |
|Сериясы _____ | кемінде 60 мм
| N 0 0 0 0 0 0 0 |
| 0 0 т е ण г е |
2 0 _ _ _ ж ы л

3) Белгіленген нормадан және багаждан тыс қол жүгін алып жүруге арналған билет - билеттің жазулары жасыл түспен жазылады:

к е м і н д е 3 5 м м

| А в т о б у с |
| _____ қаласы |
| қалалық қатынаста |
| багаж алып жүруге |
| арналған |
|Сериясы _____ | кемінде 60 мм
| N 0 0 0 0 0 0 0 |
| 0 0 т е ण г е |
2 0 _ _ _ ж ы л

4) Жолаушылар жол жүруге арналған ұзақ пайдаланылатын жол жүру билеті (көлемі А7) - безендірілуі мен қорғаныш дәрежесін жергілікті атқарушы органдар белгілейді:

-----	қаласы	Сериясы	-----
Ұзақ	пайдаланылатын	жол жүру	билеті
-----		жарамды	
-----		0 0 0 0	теңге
-----	берілді	негізінде	

2. Қала маңындағы қатынаста жолаушылар жол жүруге арналған жол жүру құжаттарының (билеттерінің) нысаны:

1) жолаушылар жол жүруге арналған билет - ашық түсті ұсақ торкөзді арнайы билет қағазында қара түсті жазулармен ресімделеді (көлемін және торкөз түсін автовокзалдар мен автостанциялар белгілейді):

ке м і н д е 45 мм

	А в т о б у с	
	Қала маңындағы қатынаста жолаушылар жол жүруге арналған билет	
	Сериясы _____ N 0000000	
	сапар күні _____	
сапар уақыты _____		кемінде 40 мм
	жөнелту пункті _____	
	бару пункті _____	
	Жол жүру құны 00,00 теңге	

2) кондуктор (жүргізуші) маршруттың аралық пунктінде отырғызу кезінде беретін тарифтер сеткасына сәйкес сомаға қосымша түбіршектері бар жолаушылар жол жүруге арналған билет - билеттің жазулары қара түспен жазылады:

ке м і н д е 35 мм	ке м і н д е 35 мм
-----	-----
Автобус	Автобус
Қала маңындағы	Қала маңындағы
қатынаста жолаушылар	қатынаста жолаушылар
жол жүруге арналған	жол жүруге арналған
билет	билетке қосымша

			т ү б і р ш е к	
Сериясы _____	кемінде	Сериясы _____	кемінде	
N 0000000	60 мм	N 0000000	60 мм	
Тарифтер сеткасына				
сәйкес қосымша			00 теңге	
түбіршектер болғанда				
ж а р а м д ы				
20 ___ жыл		20 ___ жыл		

Қала маңындағы қатынаста жолаушылар жол жүруге арналған билеттерге қосымша түбіршектер 1, 5, 10, 50 теңге сомаға ресімделеді.

3. Қалааралық облысшілік, қалааралық облысаралық және халықаралық қатынастарда жолаушылар жол жүруге арналған жол жүру құжаттарының (бил е т т е р і н і ң) н ы с а н ы :

1) жолаушылар жол жүруге арналған билет - ашық түсті ұсақ торкөзді арнайы билет қағазында қара түсті жазулармен ресімделеді (көлемін және торкөз түсін автовокзалдар мен автостанциялар белгілейді):

к е м і н д е 4 5 м м

	А в т о б у с		
	Қалааралық қатынаста жолаушылар жол жүруге арналған билет		
	Сериясы _____	N 0000000	
	сапар күні	_____ ж.	
	жөнелту уақыты	_____ сағ. ___ мин.	
	жөнелту пункті	_____	
	бару пункті	_____	
	Рейс нөмірі	_____	
Орын нөмірі	_____	кемінде 90 мм	
	Жол жүру құны	00,00 теңге	
	Комисс. алым	00,00 теңге	
	Сақтандыру алымы	00,00 теңге	

| Жиынтығы

00,00 теңге

| Билеттің берілген күні __.__.__.ж. |

2) кондуктор (жүргізуші) маршруттың аралық пунктінде отырғызу кезінде берген жолаушылар жол жүруге арналған билет - жазулар қара түспен жазылады:

Билет Түбіршегі	9	8	7	6	5	4	3	2	1
Т о л ы қ	90	80	70	60	50	40	30	20	10
балалар (қажет емесі сызылып тасталсын)	900	800	700	600	500	400	300	200	100
сапар күні _____ жөнелту уақыты _____ сағ. _____ мин. _____ -дан _____ дейін									
Рейс нөмірі _____ Орын нөмірі _____ Жол жүру құны _____ теңге	9000	8000	7000	6000	5000	4000	3000	2000	1000
Сериясы _____ N 0000000									
Билеттің берілген күні _____									

Жалғасы

Қалааралық қатынаста жолаушылар жол жүруге арналған билет	
Т о л ы қ балалар (қажет емесі сызылып тасталсын)	
сапар күні _____ жөнелту уақыты _____ сағ. _____ мин. _____ -дан _____ дейін	А В Т О Б У С
Рейс нөмірі _____ Орын нөмірі _____ Жол жүру құны _____ теңге	
Сериясы _____ N 0000000	
Билеттің берілген күні _____	

Жол жүру құнын кондуктор (жүргізуші) жолаушы үшін тарифтер сеткасына сәйкес сомаға кеседі.

3) қала маңындағы, қалааралық облысшілік, қалааралық облысаралық және халықаралық қатынастардағы багаж түбіртектерінің нысаны - ашық түсті ұсақ торкөзді арнайы билет қағазында қара түсті жазулармен ресімделеді (көлемін және торкөз түсін автовокзалдар мен автостанциялар белгілейді):

к е м і н д е 4 5 м м

А в т о б у с	
Багаж түбіртегі	
Сериясы _____ N 0000000	
сапар күні _____ ж.	
жөнелту уақыты _____ сағ. _____ мин.	кемінде 90 мм
жөнелту пункті _____	
бару пункті _____	
Багаж орындарының саны _____	
Багаждың құндылығы _____	
Құны	00,00 теңге
Комисс. алым	00,00 теңге
Бағалау алымы	00,00 теңге
Жиынтығы	00,00 теңге
Багаж орындарының нөмірлері _____	
(тиеу кезінде толтырылады)	

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің
2008 жылғы 10 желтоқсандағы
N 539 бұйрығына

2-қосымша

Жолаушыларды және багажды
автомобиль көлігімен

4-қосымша

1. Жолаушылардың және багаждың қала маңындағы, қалааралық облысшілік және елді мекендерді: кенттерді, ауылдарды (селоларды) аудан немесе облыс орталықтарымен, республикалық маңызы бар қалалармен (астанамен) жалғастыратын тұрақты автомобиль тасымалдарының маршруттарына қызмет көрсетуге конкурстық ұсыныстарды бағалау шкаласы

P/c N	Көрсеткіш	Баллдар саны		
		Ұсынылған автобустардың үлесі 30%-дан аз	Ұсынылған автобустардың үлесі 30%-дан 60%-ға дейін	Ұсынылған автобустардың үлесі 60%-дан артық
1.*	Автобустарды, шағын автобустарды пайдалану мерзімі 5 жылға дейін	+ 4	+ 8	+ 1 0
	5-тен 9 жылға дейін	+ 3	+ 4	+ 5
1.*	9-дан 12 жылға дейін	+ 2	+ 3	+ 3
	12 жылдан артық	+1	+0	+0
	Пайдалану мерзімі 3 жылға дейінгі автобустар, шағын автобустар болғанда (қосымша)	+0,2 (әрбір автобус үшін)		
2.	Тасымалдаушының жолаушы тасымалдары саласындағы жұмыс тәжірибесі	+ 1		
	3 жылға дейін	+ 3		
2.	3-тен 8 жылға дейін	+4		
	8 жылдан артық			
3.	Өндірістік-техникалық базаның болуы	меншікті	жалға алынған	шарт негізінде қызмет көрсету
	Өндірістік корпус - ТҚ кешені (аймақ, учаске)	+ 2	+ 1	+ 0 , 5
	- ТЖ кешені:			
	- посттар	+ 2	+ 1	+ 0 , 5
	- өндірістік учаскелер және цехтар	+2	+1	+0,5
	Қоймалық үй-жайлар	+1	+0,5	+0,2
	Автотұрақ, соның ішінде:			
	- ашық;	+ 1	+ 0 , 7	+ 0 , 3
	- жабық	+2	+1	+0,5
	Жинау-жуу кешені:			
- қолмен жуу алаңшасы (посты);	+ 0 , 7	+ 0 , 5	+ 0 , 2	
- механикаландырылған жууға арналған ғимарат (үй-жай)	+1	+0,7	+0,5	
Бақылау-техникалық пункті	+0,5	+0,3	+0,2	

	Әкімшілік ғимараты (үй-жайы) - соның ішінде медпункт үй-жайы	+ 0 , 3	+ 0 , 1	0
		+0,5	+0,3	+0,2
	Тұрмыстық корпусстар және жұмыс істеушілерге қызмет көрсетуге арналған үй-жайлар	+0,3	+0,1	0
4.	Автобустарды, шағын автобустарды ауыстыру бойынша шаралардың жүйесі - резервтік жылжымалы құрам жоқ, ауыстыру жүргізілмейді; -резервтік жылжымалы құрам бар ауыстыру жүргізіледі	-	2	+2
5.**	Жолаушылар тасымалы шарттарын жақсартатын қосымша ұсыныстар: - жол үстінде видео түсірілу мүмкіндігі; - кресло-арбашаларды пайдаланатын мүгедектерді тасымалдау үшін бейімделген жылжымалы құрамның болуы	+ 0 , 5		+0,05 әрбір автобус үшін

* Әрбір автобус (резервтің есебінсіз) пайдалану мерзімі бойынша бағаланады, баллдар автобустардың санына соммаланады және бөлінеді, яғни орташа балл шығарылды.

** Комиссияның қарауына "Жолаушылар тасымалы шарттарын жақсартатын қосымша ұсыныстар" деген 5-бағанға 0,3 баллға дейінгі бағалаумен қосымша өлшемдер енгізілуі мүмкін немесе тасымалдаушылардың жол үстіндегі сервистік қызметтер бойынша қосымша ұсыныстары қосымша 0,1 балл бойынша бағалаумен ескерілуі мүмкін.

2. Жолаушылардың және багаждың қалалық тұрақты автомобиль тасымалдарының маршруттарына қызмет көрсетуге конкурстық ұсыныстарды бағалау шкаласы

P/c N	Көрсеткіш	Баллдар саны		
		Ұсынылған автобустардың үлесі 30%-дан аз	Ұсынылған автобустардың үлесі 30%-дан 60%-ға дейін	Ұсынылған автобустардың үлесі 60%-дан артық
1.*	Автобустарды, шағын автобустарды пайдалану мерзімі:	+ 4		
	5 жылға дейін	+ 3		+ 1 0
	5-тен 9 жылға дейін	+ 2		+ 5
	9-дан 12 жылға дейін	+1	+ 8	+ 3
	12 жылдан артық		+ 4	+0

		+ 3		
		+0		
	Пайдалану мерзімі 3 жылға дейінгі автобустар, шағын автобустар болғанда (қосымша)	+0,2 (әрбір автобус үшін)		
2.	Тасымалдаушының жолаушы тасымалдары саласындағы жұмыс тәжірибесі: 3 жылға дейін 3-тен 8 жылға дейін 8 жылдан артық	+ 1 + 3 +4		
3.	Өндірістік-техникалық базаның болуы	меншікті	жалға алынған	
			шарт негізінде қызмет көрсету	
	Өндірістік корпус - ТҚ кешені (аймақ, учаске);	+ 2	+ 1	+ 0 , 5
	- ТЖ кешені: - посттар - өндірістік учаскелер және цехтар	+ 2	+ 1	+ 0 , 5
		+2	+1	+0,5
	Қоймалық үй-жайлар	+1	+0,5	+0,2
	Автотұрақ, соның ішінде: - ашық; - жабық	+ 1 +2	+ 0 , 7 +1	+ 0 , 3 +0,5
	Жинау-жуу кешені - қолмен жуу алаңшасы (посты); - механикаландырылған жууға арналған ғимарат (үй-жай)	+ 0 , 7 +1	+ 0 , 5 +0,7	+ 0 , 2 +0,5
	Бақылау-техникалық пункті	+0,5	+0,3	+0,2
	Әкімшілік ғимараты (үй-жайы) - соның ішінде медпункт үй-жайы	+ 0 , 3 +0,5	+ 0 , 1 +0,3	0 +0,2
Тұрмыстық корпусстар және жұмыс істеушілерге қызмет көрсетуге арналған үй-жайлар	+0,3	+0,1	0	
4.	Автобустарды, шағын автобустарды ауыстыру бойынша шаралардың жүйесі: - резервтік жылжымалы құрам жоқ, ауыстыру жүргізілмейді; -резервтік жылжымалы құрам бар ауыстыру жүргізіледі	- 2 +2		

5.**	<p>Жолаушылар тасымалы шарттарын жақсартатын қосымша ұсыныстар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жол үстінде видео түсірілу мүмкіндігі; - кресло-арбашаларды пайдаланатын мүгедектерді тасымалдау үшін бейімделген жылжымалы құрамның болуы ... 	<p>+ 0 , 5</p> <p>+0,05 әрбір автобус үшін</p>
------	--	--

* Әрбір автобус (резервтің есебінсіз) пайдалану мерзімі бойынша бағаланады, баллдар автобустардың санына соммаланады және бөлінеді, яғни орташа балл шығарылды.

** Комиссияның қарауына "Жолаушылар тасымалы шарттарын жақсартатын қосымша ұсыныстар" деген 5-бағанға 0,3 баллға дейінгі бағалаумен қосымша өлшемдер енгізілуі мүмкін немесе тасымалдаушылардың жол үстіндегі сервистік қызметтер бойынша қосымша ұсыныстары қосымша 0,1 балл бойынша бағалаумен ескерілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Көлік және
коммуникация министрінің
2008 жылғы 10 желтоқсандағы
N 539 бұйрығына

3-қосымша

Жолаушыларды және багажды
автомобиль көлігімен
тасымалдау ережесіне

10-қосымша

**Жолаушылардың және багаждың тұрақты автомобиль
тасымалдарының маршруттарына қызмет көрсету құқығына
арналған**

Куәлік Сериясы XXX N 000000

_____ берілді
(мемлекеттік органның атауы)

(куәлік берген тұлғаның Т.А.Ә. аты және лауазымы)
М.О.

Тасымалдаушылар қызмет көрсететін маршруттар:

Маршруттардың атауы	Қызмет көрсету кезеңі	Қызмет көрсету мерзімі

Маршруттар осы Куәліктің қосымшасында көрсетілген автобустармен қызмет көрсетеді.

Тасымалдаушы туралы деректер:	
Атауы	
Мекен-жайы	Тел. _____ Факс _____
Басшының Т.А.Ә. аты	
Тасымалдауды ұйымдастыру үшін жауапты тұлғаның Т.А.Ә. аты	Тел. _____ Факс _____
Куәліктің берілген күні	_____ жылғы “___” _____
Куәлік жарамды	_____ жылғы “___” _____

1. Уәкілетті орган бекіткен қозғалыс кестелері, қозғалыс маршруттарының схемалары, тариф сеткалары (түпнұсқалары) Куәлікке қоса берілуі тиіс.

2. Осы Куәлік тасымалдаушыны автомобиль көлігімен жолаушыларды және багажды тасымалдау ережелерін және жол қозғалысы қауіпсіздігінің талаптарын орындау бойынша міндеттерден босатпайды.

3. Осы Куәлікті үшінші тұлғаға беруге рұқсат етілмейді.

Жолаушылардың және багаждың тұрақты автомобиль тасымалдарының маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған Куәлік Сериясы XXX N 000000 қосымша

_____ берілді

(мемлекеттік органның атауы)

_____ (куәлік берген тұлғаның Т.А.Ә. аты және лауазымы)

М.О.

Автобустар туралы мағлұматтар:					
Автобустардың (шағын автобустардың) үлгісі мен класы	Мем. нөмірі	Шығарылған жылы	Автобустардың (шағын автобустардың) үлгісі мен класы	Мем. нөмірі	Шығарылған жылы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің

2008 жылғы 10 желтоқсандағы
N 539 бұйрығына

4-қосымша

Жолаушыларды және багажды
автомобиль көлігімен
тасымалдау ережесіне

12-қосымша

**Жолаушылардың және багаждың тұрақты халықаралық автомобиль
тасымалдарын жүзеге асыруға арналған
Рұқсат Сериясы XXX N 000000**

_____ берілді

(мемлекеттік органның атауы)

(рұқсат берген тұлғаның Т.А.Ә. аты және лауазымы)
М.О.

Тасымалдаушылар қызмет көрсететін маршруттар:

Маршруттардың атауы	Қызмет көрсету кезеңі	Қызмет көрсету мерзімі

Маршруттар осы Рұқсаттың қосымшасында көрсетілген автобустармен қызмет көрсетеді.

Тасымалдаушы туралы деректер:	
Атауы	
Мекен-жайы	Факс _____ Тел. _____
Басшының Т.А.Ә. аты	
Тасымалдауды ұйымдастыру үшін жауапты тұлғаның Т.А.Ә. аты	Факс _____ Тел. _____
Куәліктің берілген күні	_____ жылғы “___” _____
Куәлік жарамды	_____ жылғы “___” _____

1. Уәкілетті орган бекіткен қозғалыс кестелері, қозғалыс маршруттарының схемалары, тариф сеткалары (түпнұсқалары) Рұқсатқа қоса берілуі тиіс.

2. Осы Рұқсат тасымалдаушыны автомобиль көлігімен жолаушыларды және багажды тасымалдау ережелерін және жол қозғалысы қауіпсіздігінің талаптарын орындау бойынша міндеттерден босатпайды.

3. Осы Куәлікті үшінші тұлғаға беруге рұқсат етілмейді.

**Жолаушылардың және багаждың тұрақты автомобиль тасымалдарының
маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған
Рұқсат Сериясы ХХХ N 000000 қосымша**

_____ берілді

(мемлекеттік органның атауы)

(рұқсат берген тұлғаның Т.А.Ә. аты және лауазымы)
М.О.

Автобустар туралы мағлұматтар:					
Автобустардың (шағын автобустардың) үлгісі мен класы	Мем. нөмірі	Шығарылған жылы	Автобустардың (шағын автобустардың) үлгісі мен класы	Мем. нөмірі	Шығарылған жылы